

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІНІҢ ■ МОНИТОРИНГІ



**ӘОЖ 070  
КБЖ 76.01  
Қ 18**

© Medianet ХЖО, 2017

**Құрастырушы және редакторы:** Павел Банников

**Редакторы:** Жұлдыз Әбділда

**Корректоры:** Светлана Амирова

**Дизайн:** Анастасия Артюхова

ISBN 978-601-06-4729-9

Қазақстандағы әлеуметтік желілердегі өшпенделік тілінің мониторингі –  
Құраст. П.Банников. – Алматы: Medianet ХЖО, 2017. 80 бет. – қазақша,  
орысша

Бұл басылымда Facebook әлеуметтік желісінің қазақстандық сегментінде пікір көшбасшыларының 2017 жылдың мамыр айынан қазан айына дейінгі жарияланымдарындағы өшпенделік тілінің мониторингі мен эксперттік анализ материалдары беріліп отыр. Басылым Қазақстандағы Конрад Аденауэр Қоры (Konrad Adenauer Stiftung) кеңесесінің қолдауымен жарық көрді.

## МАЗМҰНЫ:

<b>Кіріспе</b>	5
Серік Бейсембаев.	
<b>Әтникалық және діни топтар – Фейсбуктегі өшпенделік тілінің нысаны</b>	11
Рахиля Қарымсақова.	
<b>Лингвистикалық сараптама және өшпенделік тілі</b>	19
Жұлдыз Смағулова.	
<b>Медиадағы тілдік бірегейлік құрылымы: қазақстандық блогосфера дағы өшпенделік тілін талдау</b>	43
Алмагүл Алтаева.	
<b>2017 жылғы пікір көшбасшыларының мониторинг нәтижелеріне негізделген қазақ тіліндегі hate speech тілдік ерекшеліктері</b>	49
<b>Қорытынды</b>	67
<b>Кілт сөздер тізімі</b>	69
<b>Авторлардың өмірбаяны</b>	71



## KIRISPE

Facebook желісінің қазақстандық сегментінде өшпенділік тілінің көрініс беру мониторингі 2017 жылдың мамыр айынан қазан айына дейін жүргізілді. Зерттеу материалы ретінде осы әлеуметтік желінің қазақстандық сегментінде пікір көшбасшысы болып жүрген 20 адам таңдалып алынды.

Facebook желісін таңдап алуымыздың себебі көп. Біріншіден, қазақстандық медиа ғана емес, түрлі деңгейдегі шенеуніктер де дәл осы желіде мейлінше белсенді. Екіншіден, дәл осы желіде жарияланған контент жергілікті және республикалық ақпарат құралдары үшін ақпарат көзі болатын сәттер көп, сонымен бірге ресми қызыметтегілердің көшпілікке арналған мәлімдемелері де алдымен осы желіде жарық көріп жатады. Басқа әлеуметтік желілерде де қазақстандық пайдаланушылар белсенді екеніне (сан жағынан) қарамастан, оларда жарық көрген контент Қазақстан қоғамына қатты әсер ете қоймайды, ал кейде мүлдем әсер етпейді. Мәселен, ВКонтакте желісін пайдаланушы қазақстандықтардың саны Facebook желісімен салыстырғанда екі еседен де көп («АСТ Қазақстан» 2017 жылды 16 ақпан мен 16 наурыз аралығында жүргізген зерттеу нәтижесі бойынша, 43% және 19%). Соған қарамастан, дәл осы Facebook жаңалықтардың қайнар көзі, көшпілік мәлімдемелердің алаңы және Қазақстан қоғамындағы мейлінше өткір мәселелердің, жалпы саяси дискурстың талқыға түсер жері.

Трендсеттерлерді, яғни пікір көшбасшыларын таңдаған уақытта келесі жайттарға назар аудардық:

- жазылушкилар саны;
- әлеуметтік мәселелерді талқылау кезіндегі белсенділігі;
- пікір көшбасшысының аты-жөнінің ақпарат көзі, эксперт немесе басқа ретінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялану жиілігі.

Осы жайттарды есепке ала отырып, трендсеттерлердің тізімі былайша түзілді:

1. Мұрат Әбенов
2. Нұртас Адамбай
3. Әлішер Елікбаев
4. Расул Жұмалы
5. Қазыбек Иса
6. Қайрат Құдайберген
7. Айдан Кәрібжанов

8. Әміржан Қосанов
9. Айсұлтан Назарбаев
10. Саясат Нұрбек
11. Сәкен Майғазиев
12. Айгүл Орынбек
13. Ержан Рашев
14. Аружан Саин
15. Айдос Сарым
16. Досым Сәтбаев
17. Мұхтар Тайжан
18. Мұхамеджан Тазабек
19. Александр Цой
20. Әмір Шыныбекұлы

## МОНИТОРИНГ ҮШ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛДІ.

Бірінші кезеңде қазақ және орыс тілдерінде кілт сөздер бойынша (қосымшада беріліп отыр) мониторинг жасап алдық. Мониторинг үшін Brand Analytics компаниясының бағдарламалық жүйесі пайдаланылды, кілт сөздер бойынша трендсеттерлердің жалпыға қолжетімді жазбалары мен комментарийлері қадағаланды, сонымен қатар олардың жалпыға қолжетімді жазбаларына пайдаланушылар тарапынан жазылған комментарийлер де есепке алынды. Жалпыға қолжетімді мәлімдеме немесе көпшілікке арналған комментарий болмағандықтан, жабық жазбалар мен комментарийлер мониторингтan алынып тасталды. Машина таңдап берген мониторинг нәтижесінде 7759 жарияланым іріктелді.

Екінші кезеңде машина таңдап берген мониторинг нәтижесін адамдар іріктеді, бұл роботтың қате жіберуінің алдын алу және іріктелген жазбалар мен комментарийлерді бөлу мақсатымен жасалды. Әрі қарай егжей-тегжейлі анализ жасау үшін 128 мәтін таңдалып алынды.

Мониторинг нәтижесінің үшінші кезеңінде барлық жазба толықтай және іріктелген күйінде мамандарға (филологтар мен әлеуметтанушыларға) анализ жасау үшін ұсынылды. Мониторинг нәтижесін бағалау үшін экспертерге методологиялық база ретінде «Сова» ақпараттық-талдау орталығы жасаған өшпендиңлік тілінің шкаласын ұсындық – [www.sova-center.ru](http://www.sova-center.ru). «Сова» орталығы 2002 жылдан бастап жұмыс істейді. Осы уақыт ішінде Орталық өшпендиңлік тіліне қатысты ондаған мониторинг жүргізіп, өшпендиңлік тіліне қатысты бірқатар зерттеу жұмысы мен әдістемелік нұсқаулық шығарған. «Сова» мамандары өшпендиңлік тілінің 17 түрін ұсынады, мониторинг нәтижесін бағалау кезінде біз

соған арқа сүйедік. Тек жергілікті жағдай мен алынған нәтижелерді ескере отырып қана түзетулер енгізуге тұра келді.

Өшпендиңлік тілінің түрлері («Сова» орталығының әдістемесі бойынша, толықтырулармен бірге):

1. Құш қөрсетуге, зорлық-зомбылық жасауға шақыру (яғни, нақты жағдайға орай құш қөрсету нысанын көрсете отырып шақыру);
2. Зорлық-зомбылық жасауға жалпылама ұрандар арқылы шақыру;
3. Ойын бүркемелей отырып құш қөрсетуге және кемсітүге шақыру (құш қөрсету мен кемсітудің «жағымды», тарихи немесе заманауи мысалдарын насхаттау; «бұларға мынаны істей керек еді», «баяғыдан сөйтү керек еді», т.б.);
4. Этникалық немесе діни топтардың жағымсыз образын қалыптастыру;
5. Зорлық-зомбылық пен кемсіту жасалған тарихи фактілерді ақтау;
6. Зорлық-зомбылық пен кемсіту туралы көпшілікке тараған тарихи деректерге құдік келтіретін, жоққа шығаратын жарияланымдар мен пікірлер (мысалы, Холокост ауқымы);
7. Белгілі бір этникалық немесе діни топтың кембағалдығын (мәдениетінің, интеллектуалды қабілеттерінің кенже қалғанын, жасам-паз еңбекке қабілетсіздігін айтуды) бетіне басу («әзербайжандар тек қана базарда жұмыс істейді», «қазақтар ақымақ келеді», орыстар алқаш» деген секілді);
8. Белгілі бір этникалық немесе діни топтың тарихи қылмыстарын жария түрде айтуды («мұсылмандар дінін тарату үшін әрдайым қаруға жүгінген» дегендегі);
9. Сөз арасында этникалық немесе діни топтың қылмыскер екенін бетіне басу (мысалы, «сығандар ұрлыққа әуес» дегендегі);
10. Қандай да бір этникалық немесе діни топтың моральдық кембағалдығын бетіне басу («Сова» орталығы бұл тармақты мәдени және интеллектуалдық кембағалдықтан бөліп қарастыруды ұсынады);
11. Қандай да бір этникалық немесе діни топтың ауқаттылығын, билік құрылымдарындағы байланысын, баспасөзге ықпалын және т.б. өзгелерден артық деп бағалау;
12. Қандай да бір этникалық немесе діни топты қоғамға, мемлекетке теріс ықпалы бар деп айыптау;
13. Этникалық немесе діни топты немесе оның өкілдерін төмендету

- немесе кемсіту тұрғысынан айту (қылмыстық хроникада немесе жәй ғана сол этноним туралы сөз болғанда);
14. Қандай да бір этникалық немесе діни топқа жататын мигранттардың аймаққа (ауданға, қалаға, т.б.) келуіне жол бермеуге шақыру (мысалы, салафиттерді, иегова қуәгерлерін, басқа да діни топ өкілдерін кемсітүге шақыру);
  15. Сұхбат беруші мен журналистің көзқарасын көрсететін, ксенофобиялық пікірлер мен мәтіннен дәйексөз келтіру;
  16. Белгілі бір топтарды билікті басып алмақ болды немесе аумақтық тұтастыққа қауіп төндірді деп айыптау (аймақта орналасуына жол бермеуден бөлек);
  17. Азаматтығын жоққа шығару (титулды ұлтқа жатпайтын этностарды олардың этникалық сәйкестігіне, тіліне, дініне байланысты шетелдіктер деп көрсету).

Бұларды қатаңдық деңгейіне қарай ұш топқа бөлу ұсынылған.

#### **ҚАТТЫ ТҮРІНЕ МЫНАЛАР ЖАТАДЫ:**

- Зорлық-зомбылық жасауға шақыру
- Кемсітүге шақыру
- Кемсітушілік әрекеттер жасауға ұрандар арқылы шақыру
- Аймақта орнығуна жол бермеуге шақыру.

#### **ОРТАША ТҮРІНЕ МЫНАЛАР ЖАТАДЫ:**

- Зорлық-зомбылық пен кемсіту жасалған тарихи оқиғаларды ақтау
- Зорлық-зомбылық пен кемсіту туралы көпшілікке таралған тарихи деректерді жоққа шығаратын жарияланымдар мен пікірлер
- Сөз арасында этникалық немесе діни топ атауын қорлап айту
- Белгілі бір этникалық немесе діни топтың тарихи қылмысқа бейім екенін айту
- Қандай да бір этникалық немесе діни топқа өзгелерден артық жағдай жасалған деп бағалашу
- Этникалық немесе діни топты қоғамға, мемлекетке зиян тигізіп отыр деп айыптау
- Белгілі бір топты билікті басып алмақ болды немесе аумақтық тұтастыққа қауіп төндірді деп айыптау
- Азаматтығын жоққа шығару.

#### **ЖҰМСАҚ ТҮРІНЕ МЫНАЛАР ЖАТАДЫ:**

- Этникалық немесе діни топтардың жағымсыз образын қалыптастыру
- Этникалық немесе діни топтың кембағалдығын айту
- Этникалық немесе діни топты моральдық кемшіліктері бар деп пайымдау
- Этникалық немесе діни топты немесе оның өкілін кемсіту, қорлау
- Пікірлер мен мәтіндерді тиісті түсініктемесіз дәйексөз ретінде алу.

Мониторинг пен эксперttік талдау қорытындысы осы жинақта оқырман назарына ұсынылып отыр.

## ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ ТОПТАР – ФЕЙСБУКТЕГІ ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІНІҢ НЫСАНЫ

Өшпенділік тілі – кемсітуден, антогонистік және толерантты емес сөздерден тұратын тұжырым, ол жекелеген әлеуметтік топтарға, соның ішінде көбінесе азшылық өкілдеріне қатысты қолданылады.

Интернет технологияның қарқынды дамуы мен жаппай смартфон ұстая дәүірінде өшпенділік тілі де айтартылғатай өршіп отыр. Ендігі жерде бұл жекелеген адамдардың теріс пиғыл, жағымсыз көзқарасы ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік өмірдегі маңызды фактор. Кейбір елдердің тәжірибелі көрсеткендегі, өшпенділікке шақыратын сөздері бар бір жазбаның салдары ауыр болуы мүмкін, соның ішінде шынайы өмірдегі ашықтан-ашық жеккөрушілікке алып келуі де ықтимал.

Бұл жұмыста Фейсбук әлеуметтік желісіндегі өшпенділік тіліне қатысты жүргізілген мониторинг нәтижесінің контент-анализі ұсынылып отыр. Оны Medianet халықаралық журналистика орталығы жүргізді.

Талдауда өшпенділік нысаны ретінде этникалық немесе діни топтар алынған жарияланымдарға назар аударылды. Негізгі зерттеу сұрақтары мынадай: этникалық немесе діни топтарға қатысты өшпенділік тілінің негізгі сипаты қандай? Оның әлеуметтік кері әсерін төмендетуге ықпал ету үшін қандай шара қолданған дұрыс?

### ТАЛДАУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

Контент-анализ қорытындысы бойынша өшпенділікке шақыратын сөздер бар деп Medianet өкілдері белгілеп берген 128 жазбаның ішінен 44 материал іріктеліп алынды. Олар Фейсбук желісінің қазақстандық сегментінде 2017 жылдың мамыр айынан қазан айына дейінгі ара-лықта жарияланған 8 танымал автордың жазбалары мен комментарийлері. Олардың 30-ы қазақ тілінде жарық көрсе, қалған 14-і орыс тілінде жарияланған.

Жарияланымдарды іріктеу кезінде ресейлік «Сова» ақпараттық-аналитикалық орталығы жасаған өшпенділік тілінің типологиясы басшылықта алынды, ол жарияланымдардың бағыты мен өшпенділік деңгейін анықтайды.

Контент-анализ қорытындысы бойынша өшпенділік тілінің 7 түрі анықталды, оларды этникалық немесе діни қауымды кемсітудің «жұмсақ» (немесе «жеңіл») және «қатты» түрі ретінде бөлуге болады, атап айтқанда:

## «Жұмсақ» кемсіту:

- Мәтін немесе мәтіннің бір бөлігінде этникалық немесе діни топтың жағымсыз образын қалыптастыру;
- Қоғамдағы түрлі топ өкілдерін бір-біріне қарсы қою, бұл ретте этникалық, тілдік және басқа да бөлініске мейлінше назар аудару;
- Өзі жататын этникалық, тілдік немесе басқа да топ туралы кемсіту түрфісінан жазу;
- Этникалық немесе діни топ немесе оның өкілдеріне қатысты қорлайтын немесе тіл тигізетін жазбалар (соның шінде қылмыстық хроникада немесе жай ғана сол этноним туралы сөз болғанда);

## «Қатты» кемсіту

- Басқа адамға (көбіне-көп танымал адамға) жалпы көвшіліктің мүддесіне қайшы немесе қауіп тәндіретін жағымсыз қасиеттерді тану (сатқын, Гитлер, салафит, т.б.);
- Қандай да бір этникалық немесе діни топ өкілдерінің аймақта (ауданда, қалада, т.б.) қоныстануына жол бермеуге шақыру (мысалы, салафиттерді, иегова күәгерлерін, басқа да діни топтарды кемсітуге шақыру);
- Ойын бүркемелей отырып күш көрсетуге және кемсітуге шақыру (күш көрсету немесе кемсітумен байланысты «жағымды», тарихи немесе заманауи мысалдарды насхаттау; «аналарға мынадай жасаса жақсы болар еді», «баяғыдан сөйту керек еді», т.с.с.).

## «ЖҰМСАҚ» КЕМСІТУ

Өшпенделікке шақыратын сөздері бар жарияланымдардың көвшілігін этникалық немесе діни топты «жұмсақ» кемсітуге жатқызуға болады (44 жазбаның 32-сі).

Ең көп тараған түрі – **мәтіннің мәні немесе мәтіннің белгілі бір бөлігі арқылы этникалық немесе діни топтың жағымсыз образын қалыптастыру** (14 жазба, 8-і қазақ тілінде, 6-уы орыс тілінде). Негізінен қандай да бір топ өкілдерін болып жатқан жағдайға, оқиғаға орай атап айту байқалады.

Қазақстанға жұмыс істеу мақсатымен келетін үнділер мен қытайларды жағымсыз тұстан көрсететін бірнеше жазба жарияланыпты. Оларды кемсітуге ашиқтан-ашық шақыру болмағанымен, жалпы шетелден келетін жұмыс күшіне жаулықпен қарауды ақтайтын сыңай байқала-

ды. Бұл жазбалардың Астана қаласындағы Эбу-Даби плаза құрылыш алаңындағы жұмысшылар арасындағы кикілжіңнен кейін пайдадағынын айта кеткен жөн.

Өшпенделік тілінің негізгі ерекшелігі – оны бірінші реттен тап басып білу қыын. Мәтін негізінен бейтарап сипатта жазылғанымен, сөз арасында этникалық топтарды атау кезінде елеусіз лақап ат немесе тенеулерді пайдалану кездеседі. Мысалы, «қара қытай», «орыс қатын», «дурак-турок», «өзге ұлт келімсектері» және т.б.

1-кесте. Кемсітудің «жұмсақ» түрлері

Категория	Жазбаның жалпы саны	Оның ішінде:	
		қазақша	орысша
Мәтін немесе мәтіннің бір бөлігінде этникалық немесе діни топтың жағымсыз образын қалыптастыру;	<b>14</b>	8	6
Қоғамдағы топтардың бір-біріне қарсы қою, этникалық, тілдік және басқа да қауымдастықтардың айырмасын атап көрсету	<b>13</b>	9	4
Өзі жататын этникалық, тілдік немесе басқа да топ туралы кемсіту түрфісінан жазу	<b>4</b>	1	3
Этникалық немесе діни топ немесе оның өкілдеріне қатысты қорлайтын немесе тіл тигізетін жазбалар (соның шінде қылмыстық хроникада немесе жай ғана сол этноним туралы сөз болғанда)	<b>1</b>	1	-
Барлығы	<b>32</b>	19	13

Өшпенделік тілінің кең тараған тағы бір түрі – **қоғамдағы топтардың бір-біріне қарсы қою, этникалық, тілдік және басқа да қауымдастықтардың айырмасын атап көрсету**. Контент-анализ осындағы белгілері бар 13 жазбаны анықтады.

Қарсы қою көбіне-көп тілдік ерекшелікке орай туындаиды. Өшпенделік нысаны – қазақ тілін білмейтін ҚР азаматтары. Мәтіннің сарыны жанашырлықтан басталып («Орыстілді қазақтардың алдында таңдау аз. Қазақ болулары керек. Әйттесе, қыынға түседі»), айыптау мен қорқытуға дейін («Қазақ тілін менсінбейтін, елемейтіндердің дәурені біт-

*ti») жалғасады. Негізгі ой қазақ тілін білмеудің салдары жақсы емес немесе жақсы болмайды деген түйінге әкеп тірдейді, сондықтан оны қазірден үйрену керектігі айтылады. Өшпендиң тілінің мұндай түрі қазақ тілінде жазатын авторларға көбірек тән.*

Орыстілді авторлардың арасында «дәстүрші-ұлтшылдарға», сонымен бірге «ватниктерге» қарсылық бар. Аталған топқа жататындарды бөле-жара көрсету арқылы авторлар қоғамдағы түйткілді мәселелерді жеткізгісі келеді (мысалы, төзімсіздік, патриот болмау). Алайда, олардың ізгі ниеті онлайн ортада көбінесе жағымсыз наратив тудырып қана қоймай, әлеуметтік желі пайдаланушылардың көз алдында тағы бір жаудың «кескіні» көлбендейді.

Алдыңғы екі категориямен салыстырғанда, **өзі жататын этникалық, тілдік немесе басқа да топ туралы кемсіту тұрғысынан жазу** азырақ кездеседі (4 жазба). Өшпендиң тілінің бұл түрінің айырмашылығы оның нысаны «басқа» емес, «өз» қауымы. Кең тараған мысал ретінде авторлардың төл халқының жағымсыз, өрескел әдеттеріне қайыруды айтуға болады – «негізгі бейшара елміз». Бұл тақырып төңірегінде аудиторияның санаына ықпал етудің мүмкіндігі көп. Бір автордың қандастарын «қабағынан қар жауып, түнеріп жүреді» деп жазғанына («Біздің ұлттық ерекшелігіміз – үнемі түнеріп журу») 2000 рет лупіл базылған.

Бұл топтағы өшпендиң тілінің соңғы түрі – **этникалық немесе діни топ немесе оның өкілдеріне қатысты қорлайтын немесе тіл тигізетін жазбалар**. Бұл топқа жататын бір ғана жазба анықталды, онда өшпендиң нысаны орысша сөйлейтіндер.

### «ҚАТТЫ» КЕМСІТУ

Бұл топқа өшпендиң тілінің ғұш түрі кіреді, олардың мазмұны агрессиялы болып келеді немесе этникалық немесе діни топтарға құш көрсетуді ашақтан-ашық немесе астыртын қолдау бар.

**Басқа адамға (көбіне-көп танымал адамға) жалпы көвшіліктің мүддесіне қайши немесе қауіп төндіретін жағымсыз қасиеттерді тану** – өшпендиң тілі мейлінше жіңі кездесетін категория. Талдау қорытындысы бойынша, бұл топқа жататын 8 жазба анықталды. Олардың 7-үі қазақ тілінде екенін де айта кеткен жөн.

Бұл ретте өшпендиң тудырған тұлғалар қатарында билік, БАҚ өкілдері, қоғам қайраткерлері мен қатардағы азаматтар бар. Барлық жағдайда айыптау жеке наразылық ретінде емес, қоғамды әділетсіздіктен, қауіп-қатерден немесе кезекті өтіріктен қорғауға әрекеттеген ретінде көрініс береді. Басқаша айтсақ, нысанана алынған тұлғаны аудитория алдында өзөзіл етіп көрсетіп, оған қатысты дұшпандық қөзқарасқа шақырады.

Бұл категорияға жататын мәтін көбінесе эмоцияның жетегімен жазылады, ішінде уытты тіркестер көп кездеседі. Мәселен, бір блогер қа-

зақтілді ортада танымал тұлғалардың бірін уаххабизмді ұстанушы деп көрсетіп, оның ұлттық телевидениеге келуіне жол беруге болмайтынын айтады. Дәл осы автор Парламент өкілінің ауыл жастары тұралы пікірін сынау барысында оны кемсітетін сөздерді қолданады («*төменнің тыр-тыр қасып ұйықтап жатқан депутат Божко бүгін оянып не деп маңыраған?*»).

**Елге немесе аймақта қоныстануына жол бермеуге шақыру** категориясына жататын мәтін Әбу-Даби плазада болған оқиғаға орай жазылған. Болған жағдайға орай билік өкілдері елде жұмыс істеп жүрген үнділерді еліне қайтаруы тиіс дегенді айтады. Бұл жазба кең таралып, 2,3 мың рет лупіл базылған.

Контент-анализ қорытындысы бойынша тек бір ғана жазбаның **құш көрсетуге шақырғаны** анықталды. Оған да Астанадағы қазақ және үнді жұмысшылары арасындағы конфликт себеп болған. Жазба авторы Үндістаннан келген жұмысшыларға құш көрсетуді қолдайтынын білдіреді.

Категория	Жазбаның жалпы саны	Оның ішінде:	
		қазақша	орысша
Басқа адамға (көбіне-көп танымал адамға) жалпы көвшіліктің мүддесіне қайши немесе қауіп төндіретін жағымсыз қасиеттерді тану	8	7	1
Қандай да бір этникалық немесе діни топ өкілдерінің аймақта (ауданда, қала, т.б.) қоныстануына жол бермеуге шақыру (мысалы, салафиттерді, иегова күәгерлерін, басқа да діни топтарды кемсітуге шақыру);	3	3	-
Ойын бұркемелей отырып құш көрсетуге және кемсітуге шақыру (құш көрсету немесе кемсітумен байланысты «жағымды», тарихи немесе заманауи мысалдарды насиҳаттау; «аналарға мынадай жасаса жақсы болар еді», «баяғыдан сейту керек еді», т.с.с.).	1	1	-
Барлығы:	12	11	1

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы алғанда, анализ Фейсбук желісін пайдаланушы танымал авторлар арасында өшпендейтілік тілінің кең тарамағанын көрсетті. Мониторингке ілінген жүздеген жазбаның ішінде 44 жарияланым деген аса көп емес. Соған қарағанда, желі пайдаланушылардың қоғамдағы танымалдығы белгілі бір дәрежеде оларға жауапкершілік жүктейді деуге болады. Шектен шығып кететін бірді-екілі автор болмаса, мониторинг нысанына алынған авторлардың барлығы дерлік әдептен аспауға, өзгелерді ашықтан-ашық кемсітпеуге тырысады.

Дегенмен, кемсітудің «жұмсақ» түрі «қатты» түрінен әлдеқайда көп екені де алаңдатпай қоймайды. Бір қарағанда, этникалық топтарға қатысты елеусіз ғана стереотип болғанымен, соның өзі арқылы пікір көшбасшылары әлеуметтік желіде ксенофобияның тууына ықпал етеді, ал оны тоқтату өте қыын. Авторлар қанша жерден шектен шықпауға тырыстық деп ойлаганымен, комментарийлердің алғашқы ондығында этникалық немесе діни тобына қатысты ашықтан-ашық кемсітү болуы да назар аудартпай қоймайды.

Онлайн ортада жекелеген этникалық топтарға қатысты өшпендейтілік тілінің «қалыптасып» қалғанын да атап айтқан жөн. Көп жағдайда бұл елдегі этникалық азшылыққа немесе жақын көршилерімізге қатысты, олар туралы бір ғана сөздің өзі комментарийлерде бірқатар жағымсыз стереотиптің көрініс табуына алып келеді. Бұл жағдай үлттық сананы қалыптастыру және кейбір саяси оқиғалардың тасасында ксенофобиялық ұстанымды нығайтумен байланысты әлеуметтік процестің көрінісі болуы мүмкін (мысалы, 2016 жылғы жер дауына қатысты митинглер).

Фейсбуктің қазақтілді сегментінде этникалық немесе діни кемсітү мен байланысты өшпендейтілік тілінің «қатты» түрі салыстырмалы түрде көбірек екенін де ескертे кеткіміз келеді. Танымал тұлғаларға қатысты дұшпандыққа шақыратын, агрессияға толы жазбалардың барлығын дерлік, сонымен бірге күш көрсетуге шақыратын жазбаларды да қазақтілді авторлар жазған. Жекелеген әлеуметтік топтарды мысалға ала отырып нақты жаудың образы қалыптасып қалған деуге де болады. Олар ең алдымен қазақша сөйлемейтін қазақтар («орысқұлдар»), Қытайлар («қара қытай қаптаса») және салафиттер. Осы топқа жататындарға қатысты уытты нарративтер қалыпты жағдайға айналып бара жатқанын да атап айтқан жөн.

## ҰСЫНЫСТАР

Өшпендейтілік тілі деген әлеуметтік, психологиялық, лингвистикалық феномен ретінде концептуалды түрғыда бағалау қыныға соғатын, мағынасы кең түсінік. Ол мәтін, сурет, сөз немесе басқа да формада кездеседі.

Саяси мақсат түрғысынан қарар болсақ, негізгі міндег – БАҚ пен әлеуметтік желідегі өшпендейтілік тілінің алдын алу, оның кері әсерін төмендету, балама нарратив ойлап табу, т.б. Осының барлығын ескере келе,

өшпендейтілік тілімен жұмыс істеген уақытта не істеу керек деген мәселе-де бірқатар ұсыныс айтуға болады:

Біріншіден, қазақстандық мәдени контексті есепке ала отырып, БАҚ және әлеуметтік желіде өшпендейтілік тілін тану мен анықтаудың релевантты әдістемесін жасау аса маңызды. Ол үшін алдымен зерттеудің сандық және сапалық негізінде алдын ала кешенді зерттеу жұмысын жүргізу қажет. Әдістеме сынақтан өтіп, релевантты екені дәлелденгеннен кейін әлеуметтік желі мен бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты түрде мониторинг жүргізіп, алынған нәтижені ашық жариялау ұсынылады.

Екіншіден, өшпендейтілік тілі кей жағдайда кемсітү түрғысындағы жазбалардың кері салдарын, ксенофобияны тарату мен халықтың жекелеген топтарына қатысты өшпендейтілік арттырудың мәнін түсінбегеннен тұады. Осыған орай желі пайдаланушылар мен оқырман арасында hate speech және hate crime арасында тікелей байланыс бар екенін ұғыныру керек. Әсіресе, пікір көшбасшылары қоғамдағы теңсіздікті, этникалық немесе діни топқа қатысты дұшпандықты тудыруға қатысты нақты жауапкершілігі бар екенін ұғынуы тиіс.

Үшіншіден, әлеуметтік желідегі өшпендейтілік тілінің алдын алу және оған қарсы тұру бойынша институционализацияны қүшейту керек. Бұл бағытта азаматтық қоғам өкілдерімен (ҮЕҰ, БАҚ, белсенділер, еріктілер, т.б.) бірлесе жұмыс істеге керек. Өшпендейтілік тілі деген мәселені зерттеген және ұсыныстар дайындаған халықаралық ұйымдармен (Еуропа Конғесі, ЮНЕСКО) ынтымақтаса жұмыс істедің де маңызы зор.

Төртіншіден, фейсбук және басқа да әлеуметтік желілердің қазақтілді сегментінде ксенофобиялық жазбалардың деңгейі біршама жоғары екені де айрықша назар аударуды қажет етеді. Медианы тұтыну мәдениетін көтеру мен түрлі азшылық өкілдеріне (әсіресе, діни) төзімділік танытуға бағытталған кешенді шараларды қолға алу қажет. Соның ішінде, әсіресе, танымал авторлар үшін арнайы тренингтер ұйымдастырыған жөн, олардың өз парақшаларында уытты талқыны бейтараптандырып, пікірталасты дұрыс арнаға салып отыруы маңызды.

Бесіншіден, кемсітіп, әзәзіл ретінде көрсететін топтарға қатысты қалыптасып қалған қоғамдық пікір мен қорқынышты сейілту мақсатымен балама нарратив жасаудың айрықша маңызы бар. Бұл, әсіресе, Қытай азаматтарына, шетелдік жұмысшыларға және дін ұстанушыларға қатысты. Әйткені, бүгінгі күні әлеуметтік желідегі өшпендейтілік тілінің негізгі нысандары осы топ өкілдері.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Backgrounds, Experiences and Responses to Online Hate Speech: A Comparative Cross-Country Analysis, [http://www.unicri.it/special\\_topics/hate\\_crimes/Backgrounds\\_Experiences\\_and\\_Responses\\_to\\_Online\\_Hate\\_Speech\\_A\\_Comparative\\_Cross-Country\\_Analysis.pdf](http://www.unicri.it/special_topics/hate_crimes/Backgrounds_Experiences_and_Responses_to_Online_Hate_Speech_A_Comparative_Cross-Country_Analysis.pdf)

Mapping and analyzing hate speech online: Opportunities and Challenges for Ethiopia, <http://pcmlp.socleg.ox.ac.uk/wp-content/uploads/2014/12/Ethiopia-hate-speech.pdf>

Islamophobia on Social Media: A Qualitative Analysis of the Facebook's Walls of Hate, Imran Awan<sup>1</sup> Birmingham City University, United Kingdom, <http://www.cybercrimejournal.com/ImranAwanvol10issue1IJCC2016.pdf>

■ РАХИЛЯ ҚАРЫМСАҚОВА

## ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА ЖӘНЕ ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІ

### ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІ: ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ МАҒЫНАСЫ БОЙЫНША ЖІКТЕЛУІ

Анекдот: Степан Михайлов және Ахмет Аванесов атты Ресейдің екі азаматы көлік тұрағында көлік қоятын орын үшін төбелесіп қалды. Сұрақ: екеуінің қайсысына ұсақ бұзақылық жасағаны үшін 100 рубль көлемінде айыппұл салынды? Кім ұлтаралық алауыздық қоздырғаны үшін бес жылға бас бостандығынан айырылды?

«Медиа мәтіннің лингвистикалық қауіпсіздігі» сабағында журналист студенттеріме осы анекдотты айтып беремін. Әдettet студенттерімнің құқық бұзушылық субъектілеріне қатысты көзқарасы ұқсас келеді. Олар болған жағдайды, конфликті қатысушыларының айтқан сөздерін суреттегенде, екеуара байланыс үндестігін (агрессивті, дұшпандық), тілдесу мақсатын, байланыс құралдарын және т.б. сипаттайды. Студенттердің (білімі, билетін этностереотиптеріне қарай) жобалауынша, екеуара болған диалогта айтылған сөздер толықтай өшпендейтілген тіліне сәйкес келеді. «Өшпендейтілген тілі» деп ұлттық және діни алауыздық немесе жеккөрушіліктің қозуына тікелей немесе жанама әсер еткен БАҚ-тағы мәтіндердің жиынтығын (сонымен қатар, мәтін тақырыбы, суреттер және өзге элементтер де жатады) айтуға болады. (1, 4-бет).

«Өшпендейтілген тілі» үғымы ұлттық, діни және өзге де азшылық топтардың құқықтарын қорғаумен айналысадының үйымдардың сөздік қолданысында жиі кездеседі.

Қазіргі уақытта бұл үғым сөйлеп түрған адамның ұлттық-мәдени, діни құндылықтары, саяси көзқарастары мен мінез-құлыштары, т.б. өзінен ерекшеленетін қарсыласына деген жағымсыз қарым-қатынасын білдіретін сөздермен бірігіп кетті (9, 122-бет).

Мамандар журналист материалдарындағы өшпендейтілген қоздыратын сөздер бойынша зерттеулерде «Ресейлік БАҚ-та кездесетін өшпендейтілген қоздыратын сөздер: мониторинг пен қоғамдық әрекеттер» (2001-2002 жылдар) жобасы аясында бекітілген жіктеулерге сүйенеді. Осында аталған өшпендейтілген тіл түрлерін атап өтейік. Соңғы екі түрі MediaNet жобасы аясында толықтырылды.

- Зорлық-зомбылық жасауға тұра және тікелей шақыру
- Зорлық-зомбылық жасауға ұрандар арқылы шақыру
- Кемсітүшілік әрекеттер жасауға тұра және тікелей шақыру
- Кемсітүшілік әрекеттер жасауға ұрандар арқылы шақыру

- Зорлық-зомбылық пен кемсітүге жасырын шақыру
- Этникалық немесе діни топтардың жағымсыз образын қалыптастыру
- Зорлық-зомбылық пен кемсіту жасалған тарихи фактілерді ақтау
- Зорлық-зомбылық пен кемсіту туралы көпшілікке таралған тарихи деректері жоққа шығаратын жарияланымдар мен пікірлер
- Сөз арасында этникалық немесе діни топ атауын қорлап айту
- Этникалық немесе діни топтың кембағалдығын (мәдениетінің, интеллектуалды қабілеттерінің кенже қалуын, жасампаз еңбекке қабілет-сіздігін) бетіне басу
- Белгілі бір этникалық немесе діни топтың тарихи қылмыстарын ашық айту
- Этникалық немесе діни топтың беделін түсіру мақсатында олардың ресейлік немесе шетелдік саяси/ мемлекеттік құрылымдармен байланысы барын көрсету
- Этникалық немесе діни топты қылмысқа қатысы бар деп көрсету
- Белгілі бір этникалық немесе діни топқа ауқаттылығы, биліктегілермен байланысы, баспасөзге ықпалына орай артықшылық беріліп отыр деген пікірлер
- Этникалық немесе діни топты моральдық кемшіліктері бар деп пайымдау
- Этникалық немесе діни топты қоғамға, мемлекетке зиян тигізіп отыр деп айыптау («ұлттық тұтастықты бұзды» және т.б.)
- Этникалық немесе діни топты немесе оның өкілін кемсіту, қорлау
- Өзге этникалық немесе діни топқа жататын мигранттарды аймақтарда (аудан, қала және т.б.) тіркемеуге шақыру
- Пікірлер мен мәтіндерді қажетті түсініктемесіз дәйексөз ретінде алу
- Билікті немесе аймақты күштеп басып алмақшы болды деп айыптау
- Азаматтығын жоққа шығару, яғни титулды ұлттан басқасын этникалық сәйкестігіне, тіліне, дініне байланысты шетелдіктер деп көрсету.

Өшпенделік тілінің аталған түрлери Ресей Федерациясының Бас прокуратурасы жеккөрушілік пен өшпенделікті қоздыруға бағытталған пікірлер қатарына жатқызған сөздермен өзара байланысты. (2, 3-4-66.)

Өшпенделік тілі тек әртүрлі формада ғана емес, өшпенделіктің байқалу деңгейіне қатысты да анықталады. Осыған байланысты өшпенделік тілі мән-мағынасына қарай, яғни сөздің ауырлығына орай да жіктеледі. Эр

нақты жағдайда өшпенделік тілінің қалай айтылғанына қарай анықтады.

Сонымен, өшпенделік тілінің қатаңдығына байланысты үш түрі бар.

#### **ҚАТЫ ӨШПЕНДЕЛІК ТІЛІНЕ:**

- Зорлық-зомбылық жасауға ашиқ және тікелей шақыру
- Зорлық-зомбылық жасауға ұрандар арқылы шақыру
- Кемсітушілік әрекеттер жасауға ашиқ және тікелей шақыру
- Кемсітушілік әрекеттер жасауға ұрандар арқылы шақыру
- Зорлық-зомбылық пен кемсітүге жасырын шақыру жатады.

Өшпенделіктің бұл түріне **тыйым салынуы керек**. Себебі, «Халықаралық қылмыстық құқық» пен «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің» 20-бабының 2-тармағы мемлекеттен өшпенделік тілінің дәл осы қатаң түріне қылмыстық, азаматтық және әкімшілік шаралар арқылы тыйым салуды талап етеді.

#### **ӨШПЕНДЕЛІК ТІЛІНІҢ ОРТАША ТҮРІНЕ:**

- Зорлық-зомбылық пен кемсіту жасалған тарихи оқиғаларды ақтау
- Зорлық-зомбылық пен кемсіту туралы көпшілікке таралған тарихи деректері жоққа шығаратын жарияланымдар мен пікірлер
- Сөз арасында этникалық немесе діни топ атауын қорлап айту
- Белгілі бір этникалық немесе діни топтың тарихи қылмыстарын тап солай айту
- Этникалық немесе діни топтың беделін түсіру мақсатында олардың ресейлік немесе шетелдік саяси/ мемлекеттік құрылымдармен байланысы барын көрсету
- Этникалық немесе діни топты қылмысқа қатысы бар деп көрсету
- Белгілі бір этникалық немесе діни топқа ауқаттылығы, биліктегілермен байланысы, баспасөзге ықпалына орай артықшылық беріліп отыр деген пікірлер
- Этникалық немесе діни топты қоғамға, мемлекетке зиян тигізіп отыр деп айыптау («ұлттық тұтастықты бұзды» және т.б.)
- Өзге этникалық немесе діни топқа жататын мигранттарды аймақтарда (аудан, қала және т.б.) тіркемеуге шақыру жатады.

Өшпендерлік тілінің бұл түріне **тыйым салынуы мүмкін**. Өшпендерлік тілінің түрі «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің» 19-бабы З-тармағының талаптарына сәйкес келсе, мемлекет өшпендерлік тілінің бұл түріне тыйым сала алады.

### ӨШПЕНДЕРЛІК ТІЛІНІҢ ЖҮМСАҚ ТҮРІНЕ:

- Этникалық немесе діни топтардың жағымсыз образын қалыптастыру
- Сөз арасында этникалық немесе діни топ атауын қорлап айтуды
- Этникалық немесе діни топтың кембағалдығының (мәдениетінің, интеллектуалды қабілеттерінің кенже қалуын, жасампаз еңбекке қабілетсіздігін) бетіне басу.
- Этникалық немесе діни топты моральдық кемшіліктері бар деп пайыздау
- Этникалық немесе діни топты немесе оның өкілін кемсіту, қорлауды
- Пікірлер мен мәтіндерді қажетті түсініктемесіз дәйексөз ретінде алу
- Билікті немесе аймақты күштеп басып алмақшы болды деп айыптауды
- Азаматтығын жоққа шығару, яғни титулды ұлттан басқаларын этникалық сәйкестігіне, тіліне, дініне байланысты шетелдіктер деп көрсету жатады.

22

23

Өшпендерлік тілінің жүмсақ түрі занды болып есептеледі. Ол «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің» 19-бабына сәйкес, шектеулерден қорғалуы керек. Алайда, кемсітушілік пен төзімсіздік тұрғысынан қарғанда бұл сөздер алаңдаушылық тудырады. Сол себепті де, мемлекет тараپынан нақты әрекет жасалуы керек.

Сонымен, өшпендерлік тілінің нақты түрлері ҚР Қылмыстық Кодексінің 174-бабы (Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру) және 256-бабы (Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру) бойынша қылмыс деп танылуы мүмкін.

Көп жағдайда аталған қылмыс түрлері жазбаша және ауызша мәтіндерді тарату, көпшілік алдында сөйлеу секілді жолдармен, яғни вербалды әдістермен жасалады.

### ӨШПЕНДЕРЛІКТІ ТУДЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Тіл адам санасына әсер етудің ең мықты құралы екені баршаға аян. Оқырман (тыңдарман) санасында адамның арнайы топқа жататыны-

на бола оған деген алауыздық (өшпендерлік) тудыру кез келген ықпал ету үрдісі секілді бірнеше кезеңнен өтеді. Бұл үрдіске тоқталмас бұрын, жеккөрү және өшпендерлік (алауыздық) ұғымдарының ғылыми әдебиетте қалай сипатталатынына назар аударайық. Тіл ғылымында жеккөрушілік, өшпендерлік, алауыздық сөздері синоним болып есептеледі. Басқа синоним сөздер секілді, бұл сөздердің бір-бірінен семантикалық, яғни мағыналық айырмашылығы бар.

Жеккөрушілік – біреуді жақтырмаудың ең асқынған түрі. Оны психологиялық жағдай, сезім (адамның ішкі эмоциясы) деуге болады. Ал өшпендерлік, араздасу – жеккөрушіліктің нақтыланған формасы, яғни сыртқа шығарылған күйі. Мысалы, ол ойдағысын айтып тастау арқылы көрініс табады. Араздышық, алауыздық – екі субъекттің арақатынасын білдіретін ішкі жағдай.

Экстремизм туралы заңнамада жеккөрушілік, өшпендерлік, алауыздық ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты синоним сөздер болып қарастырылады. Алайда, бұл құбылыстар арасында әжептеуір айырмашылық бар. Мысалы, жеккөрушілік психологиялық күй болса, өшпендерлік – әрекет немесе әрекет етуге дайын болу.

Экстремизм белгілерін анықтау үшін мәтіндерге талдау жасағанда, нандырудың маңызды сатысы адресаттың психикасын қоздыру екенін байқадық. Құқық жағынан алып қарағанда, «қоздыру» сөзі қылмыстық заңнамада кездеседі (174-бап. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру).

«Экстремизме қарсы іс-қимыл туралы» заңда «алауыздықты қоздыру» әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді), нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді), діни өшпендерліктерді немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты өшпендерліктерді немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ, азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін әрекеттер үйімдастыруы және (немесе) жасауы;

Сөз арқылы ықпал ету, яғни «қоздыру» «Р сезімінің/жағдайының күштейгенін/оянғанын сезініүін үшін, X, саған айтамын» деген сарындағы семантикалық формула арқылы суреттеледі. В.П.Шейновқа сүйенсек, кез келген сендіру (ықпал ету) үрдісі, сонымен қатар, қоздыру және тұрткі болу (үндеу, шақырулар арқылы) да келесі жолдармен жүзеге асады:

**НАЗАР → ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ → ӘРЕКЕТ ЕТУГЕ ҚҰЛШЫНЫС (3, 59-б.).**

Күнделікті өмірден мысал келтіріп көрейік. Көпқабатты үй тұрғындарының жиналысында КСК төрағасы сөз алды. Ол: «Кіреберістегі шатырдан

су ағады, жаңбыр жауғанда домофон сымдарына су кіріп кетіп жатыр. Элеватор қақпаларының да тозығы жеткен, кез келген уақытта қирап, жертөлөні су басып қалуы мүмкін. Оларды да ауыстыру керек. Шатырдан да су ағып тұр, су пәтерлерге ағып жатыр. Егер осылай жалғаса берсе, барлығы дымқылданып, үйлеріңізді зең басып кетеді, тіпті, ерт болуы да мүмкін. Сонымен, жөндеу жұмыстарын жасау үшін, жертөледегі құрылғыларды өзгерту үшін үй күтімі тарифтерін көтеру керек. Жақын арада біраз жұмыс атқаруға тұра келеді», – дейді. Алғашында мәселелер тізбектеліп, тақырып белгілі болғанда тыңдаушылардың **назары** аударылды. Тыңдаушылардың тақырыпқа **қызығушылығы** ояну үшін, сөйлеуши талқыланып жатқан мәселенің әр түрғынға тікелей қатысы бар екенін атап өтті. Яғни, аталған мәселе әр түрғынға және оның отбасы мүшелеріне тікелей әсер етуі мүмкін екенін дәлелдеді.

Тыңдаушы мәселенің шешілуіне ден қоя бастағанда, сөйлеуші мәселенің шешу жолдарын ұсынды және бұл жұмыстардың міндепті түрде жасалынуы керек екенін негізде түрде дәлелдеп берді. Осылайша тыңдаушыларда **әрекет етуге құлышыныс** оянады.

Сендіру кезеңдерінің бұл сызбасы қоздыру процесін қозғау салу мен ақпарат беру арасында, сендірудің логикалық сызбасының ортасындағы кезең екенін көруге мүмкіндік береді. Сендірудің бірінші сатысы – адресат мәселенің мән-жайын ұғынуы үшін егжей-тегжейлі түсіндіру.

Сендірудің соңғы сатысы – нақты бір бағытта белсенділікті ояту және нақты іске көшуге шақыру. Идеологияны қалыптастыру мен арандатудың арасында адам санасын тұрақты қалыптан қозғалысқа ауыстыру фазасы бар. Қоздыруыш мәтін немесе мәтіннен үзіндінің мақсаты да осы болса керек.

М.А.Осадчий атты ресейлік лингвист сөз арқылы көндіру үрдісінің жалпы сызбасын вербалды экстремизм тіліне былайша аударды: назар аударту кезеңі фактілерді *көрсетуге (ақпараттандыру)* сай келеді. Бұл сатыда мәтін оқиға желісімен күшіне түсетін жағымсыз эмоционалды күшке әлі ие бола қоймайды.

Қызығушылықты ояту кезеңі жеккөрушілікті қоздыруға сәйкес келеді. Бұл кезде сипаттама объектісінің жағымсыз көрінісі байқала бастайды. Бұл сәтте оқырман санасында да объектінің жағымсыз образы қалыптаса бастайды. Ниеттің пайда болуы жанама шақыруға жатады. Оқырманға іс-әрекет реті анық түсінкіті болғанда, негіздеу немесе/және бұл әрекетті жасау қажет екенін дәлелдеу арқылы көрініс табады. М.А. Осадчий бұл модель түрін О.В.Кукушкина, Ю.А.Сафонова, Т.Н.Секераж (4) сынды ресейлік зерттеушілердің жұмысында ұсынылған ойды вербалдау моделіне жатқызады. Олар экстремистік материалдардағы вербалдау әдісін үш кезеңге бөледі. Олар: тақырып туралы ақпарат беру сатысы, мазмұнды бағалау және іс-әрекеттерді жоспарлау сатысы (5, 146-147 б).

Жеккөру мен өшпенделілікті қоздыру құбылыстарын ақпарат беру ке-

зенінсіз алатын болсақ, объект туралы жағымсыз көзқарас қалыптастыру әрекеті мен объектіге қатысты әрекет жасауға жанама шақыру деген екі кезеңге бөлінеді. Олай болса, жеккөрушілікті қоздыруды сөйлеу объектісі, яғни әлеуметтік топ туралы жағымсыз образ қалыптастын коммуникацияның кезеңі деуге болады. Қандай да бір әрекет жасау керектігін дәлелдеу немесе негіздеу арқылы көрініс табатын, сол арқылы объектіге қатысты әрекет жасауға жанама немесе жасырын түрде шақыру сатысы да өшпенделілікті қоздыру болып есептеледі (Осадчий сызбасы).

Назар	Қызығушылық	<b>Арандатушы тосқауыл</b>	Әрекет етуге ниет
Ақпарат беру	Жеккөрушілікті қоздыру		Жанама шақыру
<b>Өшпенделілікті қоздыру</b>			

Сатыдан сатыға өткенде мәтінде қандай да бір әрекетке көшуге итермелуе күшіне түседі. Демек, ақпарат беру кезеңінде адресат жағдаймен тек таныса бастайды, бұл сатыда мәселенің өзіне тікелей қатысы барын әлі ұқпайды. Ал, жеккөрушілікті қоздыру кезеңінде адресат санасында жағымсыз ойлар қалыптасады. Өшпенделілікті қоздыру сатысында қандай да бір әрекет жасауға дайын түрған тараптан өшпенделік бағытталған объектіге тікелей қауіп төнеді.

Осылайша, жеккөрушілікті қоздыру сөзінде өшпенделілікті (алауыздық) қоздырудағыдан қандай да бір әрекет жасауға шақыру болмайды. Мәтін эмоционалды шарықтау шегіне жетіп арандатушы тосқауылдан өткенге дейін «жеккөрушілікті қоздыру» тіркесін қолдануға болады. Осыдан ары қарай жанама шақыру формасындағы арандатушылықтың ашиқ түрі басталады. Демек, жеккөрушілік – өшпенделіліктің бастапқы сатысы, ал өшпенделілік (араздастық) – физикалық түрде көрініс тапқан жеккөрушілік.

### ӨШПЕНДЕЛІЛІК ТЛІ МЕН ДҮШПАН БЕЙНЕСІ

Нақты сөздердің көмегімен өшпенделілікті қоздыруға болады деп айту үшін сөздер көмегімен дүшпан бейнесін жасап алуымыз керек. Дүшпан бейнесі дегеніміз – даулы шығармадағы біреу жайлы жағымсыз көрініс, көбіне ол белгілі бір ерекшеліктер (нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік және т.б.) бойынша топтасқан адамдар тобына қатысты айтлады. Жау бейнесі «өзім» және «өзге» деген екі топтың қарсыласуынан пайда болады.

Жалпы, дүшпан образы «Қастандық теориясы» (К.Поппер) деп аталағы теория негізінде жасалады. Онда белгілі бір адамдар тобына саналы ерікті әрекеттер жасау тән болады. Мұндай әрекеттер өздерінің тобының ігілігі үшін және артықшылықтарға қол жеткізуі үшін жаса-

лады. Осы мақсатты орындау үшін олар өзге адамдарға зиян келтіреді. Қастандық теориясы семитизмге қарсы идеяларда айқын көрініс табады. Мысалы, еврейлер – кез келген тәсілмен әлемде үстемдік жүргізуге ұмтылатын үлт. Мұнда «өзгелер» (бөтен тарап) – агрессорлар, ал «өзімдік» деген – құрбандар.

Бұл бейнені жасаудың азырақ идеологияланған тәсілдері мынандай ойларға алып келеді:

- «бөтен» топтардың мінезінің, мәдениетінің бөтендігі (бұл жағдайда «өзіміз» тобының «тазалығы» идеясы іске қосылады)
- «бөтен» тобының ұлттық мінез немесе ұлттық белгілеріндегі опасыздық және әдепсіздік қырлары (мұндағы жағдайда «өзіміз» тобының адамгершілігі мол және жаратылысынан тұра, ешкімге қиянаты жоқ).
- азғындық (дегенерация) немесе «өзгелер» жаратылысынан толыққанды емес (бұл жағдайда «өзіміз» табиғатынан немесе өздерінің талпыныстарынан қандай да бір көрсеткіштер бойынша «өзгелерден» жоғары тұрады).

Көп жағдайда бұл идеялар ғылыми формага еніп, сараптамалық зерттеулерді қынданатып жібереді. Сонымен қатар, өзге (саясаттану, әлеуметтану) сала мамандарының көмегіне жүгіну керек болады. (6, 55-б.)

26

Шығармада дұшпан бейнесі қандай да бір әлеуметтік құрылым, этническ, діни немесе әлеуметтік топ, туралы жағымсыз көзқарас арқылы жасалады. Егер шығарманың мазмұны мен мағынасы нақты бір этническ, конфессиялық немесе әлеуметтік топ туралы жағымсыз пікір қалыптастырса, олардың құқықтарын шектеуге үндесе немесе оларға қарсы зорлық-зомбылық жасауға үгіттесе, онда мұндағы пифыл ұлттық, діни және саяси алауыздықты немесе өшпенделікті қоздыру деп анықталады (14,15-б.).

И.Эренбург: «Біз әрдайым көз алдымында гитлерлердің бейнесін көрүіміз керек. Бұл – мұлт кетпестен оқ тиуге тиісті нысанан. Бұл – нағыз жеккөрушіліктің көрінісі. Біздің міндетіміз – жауыздықта деген өшпенделікті және мейірім, әділдік, жақсылықта деген құштарлықты тұтату», – деген болатын неміс-фашист басқыншыларына қарсы құресте кеңес наихатшыларына (7).

Кеңес өкіметі тұсында әрдайым «халық жауының» бейнесі болған. Қызыл және ақ террор, репрессия, идеологиялық бүліктер, адам өмірі мен экономикада милитаризм жүйесін іске асыруға негізделді. Олар, ең алдымен, нәпман, кулак, «зиянкес», «буржуа», «диверсант», «космополит» деп қолданылды. Қазіргі заманда өшпенделік «нарығында» бұл қатар үздіксіз толығып жатыр. Мысалы, олигархтар, «казказ ұлтының өкілдері», «мафия», исламшылар, коммунистер, либералдар және т.б.

Лингвистикалық сараптама саласында ақпараттың (айтылған сөздердің) мазмұндық-мағыналық сипаттамасы айқындалды. Яғни, коммуникативті негіз болғанда, дұшпан бейнесін жасау арқылы нақты бір

әлеуметтік топқа жеккөрушілікті тұтатып, сол арқылы өшпенделілікті қоздыруға болады.

## ӨШПЕНДЕЛІКТІ ҚОЗДЫРАТЫН СӨЗДЕРГЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА

Экстремистік әрекеттің жүзеге асыруға шақыратын әрекеттер үшін жауапкершілік КР Қылмыстық Кодексінің 161-бабы (Басқыншылық соғысты тұтандыруға наихат жүргізу немесе жария түрде шақыру), 174-бабы (Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру), 179-бабы (Билікті басып алууды немесе ұстап тұруды наихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын құштеп өзгерту), 256-бабы (Терроризмді наихаттау немесе терроризм актін жасауға жария түрде шақыру) бойынша қарастырылады.

Экстремистік әрекеттердің жасауға наихат жүргізгені немесе жария түрде шақырғаны үшін жауапкершілік қарастыратын аталған баптардың диспозициясында наихат, шақыру және экстремистік әрекеттердің анықтамасы көрсетілмеген. Бұл қылмыстың объективті жағын құрайтын коммуникативті оқиғаның сәйкестендірілуін қынданатады. Шақыру жанрының ғылыми-лингвистикалық зерттеуде өз тарихы бар. Сонымен қатар, коммуникативті оқиғадағы жанрдың лингвистикалық сәйкестендірілуі қындықтар туғызбайды. Ал 174-бап бойынша мәселені шешу қынға түседі.

Қазіргі заманда нақты коммуникативті әрекеттер мен жанрларды заңының тыйым салынған баптарында қарастырылатын жағдайларға жатқызу мүмкін болмай отыр. Қоздыру коммуникативті әрекеті (жанр) лингвистикалық жағынан сәйкестендірілмеген, тиісінше зерттелмеген. Эр нақты жағдайда сараптама жүргізуі (эксперт) шешімімен, бақыланып отырған коммуникативті оқиға мен жеккөрушілік және өшпенделік ұғымдарының арасындағы арақатынасты табу керек. (5, 124-125-б.).

Бұл мәселенің шешу жолын табу үшін «Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасының 1-бабына жүгінмелі: «7) экстремистік материалдар – экстремистік әрекеттің жүзеге асыруға шақыратын не осындағы әрекеттің жүзеге асыру қажеттігін неғіздейтін немесе ақтайтын жария етуге арналған кез келген мақсаттағы құжаттар не өзге де тасымалдардағы ақпарат». Бұл анықтамада «экстремистік материал» ұғымының өзіне ғана тән ерекшеліктері: 1) экстремистік әрекеттің жүзеге асырылған болуы; 2) экстремистік әрекеттің жүзеге асыруға шақыратын не осындағы әрекеттің жүзеге асыру қажеттігін неғіздейтін немесе ақтайтын болуы керек.

Осылайша, «әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық, немесе діни алауыздықты қоздыру» секілді экстремистік әрекет белгілері, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни ерек-

27

шелігіне байланысты адамға қарсы әрекетті жасауға итермелуе немесе әрекетті ақтайтын жағдайларды өзіне біріктіреді. Бұл анықтама 2011 жылдың 28 маусымында РФ Жоғарғы сот пленумы қаулысының «Соттағы экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша қылмыстық істер тәжірибесі туралы» 7-тармақтың мазмұнына сәйкес келеді: «Жеккөрушілік, өшпендейлік тудыратын бағыттағы іс-әрекеттің астарында геноцид, жаппай құғын-сүргін, депортация, басқа да заңға қайшы әрекеттердің қажеттілігін дәлелдейтін және/немесе сендіретін сөйлемдер барын түсіну керек. Соның ішінде басқа ұлт, нәсіл, белгілі бір дінді ұсташуши адамдар мен топтардың өкілдеріне қатысты зорлық-зомбылық та бар». Ресейлік құқық қорғаушы келтірген ресми түсініктемелер (қазақстандық құқық қорғаушылар берген түсініктемесі) ушықтыратын ақпараттың жалпы мағынасын анықтауға көмектеседі. Негізі, мұндай ақпарат жоғарыда айттылған әлеуметтік топтарға қатысты қасақана іс-әрекеттің (геноцид, жаппай құғын-сүргін, депортация, зорлық көрсету, заңға қайшы әрекет ету) жасалу қажеттігін дәлелдей түседі.

Қылмыстық заңның жоғарыда аталған төрт бабы бойынша көтерілген қылмыстық істердің басым көпшілігі лингвистикалық сот сараптамасымен байланысты. Ақпараттық материалдардағы лингвистикалық зерттеудің мақсаты, ҚР ҚК 174-бабында көрсетілгендей, сөйлеудегі экстремизм белгілерін анықтау (яғни, өзара тілдесу барысында ұлттық, діни және басқа да өшпендейлік негізінде ауызша айттылатын (мәтіндік) форманы анықтау (8, 7-20-66).

Даулы ақпараттық материалдарды бағалау үшін ең алдымен ғылыми-ның арнайы бағыттары, атап айтқанда лингвистика (филология) қолданылуы керек. Осындағы зерттеуге арқау болған материалдардың вербалды (сөзбен), ауызша және жазбаша формасы болады, яғни сарапшы зерттеуінің нысаны ретінде сөйлеу әрекеті алынады. «Сөйлеу әрекеттің заңды біліктілігі даулы материалдар бағалауының мазмұнына негізделуі керек. Сөйлеу әрекеттің зерттеу және мәтіннің мағыналық мазмұнын жасау лингвистикалық зерттеудің дәстүрлі қызметі. Бұл лингвистикалық сараптама құзыретіне кіреді. Сараптама нысаны болып табылатын сөйлеу әрекеттің өнімдері заңмен тыйым салынған сөйлеу әрекеттің насиҳаттау нышандарының бар-жоғымен бағаланады. Заңды бағалау жасау үшін зерттелген сөйлемдердің идеялық мағынасын жасау қажет. Мәтіннің мақсаттық бағытын дәлелдейтін жалғыз дереккөз – оның мазмұны, ейткені ақпараттық материалдарды зерттеу сендеру/нандыру арқылы ықпал ететін риторикалық амалдар талдауының әдіс-тәсілдерін менгерген лингвистердің міндеттіне кіреді (9, 80-81-66). Лингвист мәтіннен автордың коммуникативті мақсатын, туындының жалпы бағытын анықтайды, діттеген мақсатына қол жеткізу үшін жасалған экстремистік мәтінде пайдаланылған сөйлеу құралдарына баға береді (атап айтқанда, манипуляциялық). Сот сараптамасының теориясы және әдістеме бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиетте мынадай түсініктеме берілген (Р.К.): «Сөйлемнің мағыналық бағдарын анықтау, ұлттық, діни араздық пен өшпендейлікті **жасырын амалдар**

**мен насиҳат** арқылы әшкереleу жасалған іс-әрекеттің заңдылығының анықталуындағы басты бөлік. Құқаралық жарияланымдар мен БАҚ мәтіндеріндегі құқықтық біліктіліктің қындығы экстремистік сөйлемдер арқылы шығады. Аудиторияға ықпал етудің манипуляциялық амалдарын қолданғанда және сездік эквилибристика құралдары арқылы ксенофобиялы камуфляж сездерді қолданған жағдайдан тыс кездерде сөйлемдерді талқылау мен түсіндіру **арнайы лингвистикалық білімді талап етеді**, алайда барлық жағдайда емес. Сонымен қатар террорлық актілерді ақтауда, айбат шегу мен арандатушылық және басқа да әрекеттерді орындауға итермелейтін үндеу, насиҳат және үгіттеу үшін де лингвистикалық зерттеуді талап етеді (10, 159-бет).

Вербалды формадағы экстремистік іс-әрекет түрлеріне жасалатын сарапшы бағалауының субъектісіне қойылған талапты қарастыру психологиялық-филологиялық сараптаманы тағайындауда және жүргізуде жиі бұзылады.

Көбінесе сотқа дейінгі тергеу органдары сөйлеу әрекеттің мазмұндық-мағыналық және формалық жақтарын талдауды, қылмыс құралы ретінде қолданылған тілдік және сөйлеу құралдарының талдауын филология емес, саясаттанушы сарапшыға тапсырады. Былайша айтқанда, туындаған мәселелерді шешу үшін қажетті ғылым саласын тергеу барысында дұрыс қолданбайды. Жоғарыда көрсетілгендей, экстремистік сөйлеу әрекеті таратылған ақпараттың мазмұнына тәуелді және осы ақпараттың мазмұнының бағасының жасалмайды, хабарламаның ақпараттық бағдарын анықтай алмайды (семантикасы мен pragmatikaсы). Көрсетілген құқық бұзушылық қатарына кіретін сөйлем конструкциясы мен тілдік бірліктерді анықтаудың негізгі тәсілі – туындының сездік жақтары мен мазмұндық-мағыналық лингвистикалық (саясаттану емес) талдауы.

Сонымен қатар, тергеу органдарының өкілдері дәлелдеу қызметін саясаттанушы сарапшыларға артып қояды. Атап айтқанда, сөйлеу әрекеттің (объективті жағын) құқықбұзушылық ретінде қарастыру үшін қажетті құқықтық білікті талап ететін мәселелерді саясаттанушылардың назарына ұсынады. «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, таптық немесе діни араздықты (өшпендейлік) тудыратын» қылмыстық құқық термині құқық бұзушылық білігін білдіреді. Оның объективті және субъективті тараптары (немесе коммуникативті оқиға, сөйлеу актілері) ескеріледі. Объективті жағынан қарасақ, мұндай қылмыс сөз, құжат, лозунг пен плақаттар, басқа да ақпараттық материалдар арқылы адамдарға ықпал ету үшін жасалады. Оның мақсаты – адамдарды қандай да бір іс-әрекетке итермелуе. Ал субъективті жағынан қарағанда, қасақана (тұлға өзінің мінезі мен сезінің бағытын біледі, дәл солай айтуды қалайды) пиғылмен жасалады. Айыпталушы іс-әрекеттің нақты бағытын заң жүзінде көрсету (айтылған себебі, бағыты... араздық тудыруы... алауыздық) мәтінде қасақана пиғылдың болғанын дәлелдейді. Шын мәнінде, бұл сауалдардан келесі сауалдар туындаиды: «Сөйлеуші Х пікірін айтқанда әлеуметтік араздық тудыруды қалады ма?», «Сөйлеуші пікірі арқылы

азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауды қалады ма?» және тағы басқа. Сондықтан мұндай сауалдарды мамандарға (сараптамашыларға) қою орынсыз. Өйткені айыпталушының пифылы барлық дәлелдерді есепке ала отырып айқындалады, сәйкесінше оның табылуы дәлелдеу субъектісінің айрықша құқығы. Сондықтан сараптамашыға мәтіндегі заң бұзудың белгілерін табу туралы сұрақ қоюға болмайды. Атап айтқанда, мәтінде «әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық дәне діни араздық немесе өшпенделік тудыратын»; «азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін немесе діни ұстанымдарын қорлайтын белгілердің» бар-жоқтығын анықтатын сұрақтар қоюға мүлде болмайды. Сараптамашы оған жауап беру арқылы өз құзыретінен алыстап кетеді. Анығында, сұрақтың дұрыс қойылмауынан осындай олқылық орын алады. Сұрақ сараптама мен ғылымның арнайы салаларының зерттеу пәнін анықтауы қажет. Құқықтық сауалдар қойғанда (сот сараптамасы органының басшысы) сараптамашы сауалдың өз құзыретінен тыс екенін айту арқылы жауап беруден бас тартуы тиіс немесе сараптамашының талабы бойынша тергеушінің сұрақтары түзетіліп, қайта жолдануы тиіс. Алайда, қарастырып отырған жағдайда бұлай болмайды. Бұл саясаттанушы-сараптамашының біліктілігіне күмән келтіреді, атап айтқанда сот сарапшысы ретіндегі құзыретін толық түсінбегенін білдіреді.

30 | Іс жүргізуден осындай қателіктерден кейін саясаттанушы сараптамашы өзіне жүктелген тапсырманы орындаі алмайды, экстремистік сөйлеу әрекетін таппайды және деректерді зерттемейді. Мұндай картина Елизавета Дреничева ісіне қатысты алдын ала тергеу жұмыстары мен сотта белгілі болды. РФ азаматы, «Церковь объединения» миссионері Елизавета Дреничева діни тақырыpta лекция оқығаны үшін (Сот шешімінде көрсетілгендей, «Движение объединения», Құдай туралы, адамның қолымен жасаған құнәшарлығы, «нағыз отбасы» және «нағыз ата-ана» туралы лекция) 2009 жылы Алматы қаласының Алмалы аудандық сотында ҚР ҚК 164-бабының 1-бөлімі бойынша қылмысты деп табылды; екі жылға бас бостандығынан айырылып, жалпы режимдегі колонияда жазасын өтеу кесілді. Аталған іс бойынша бірнеше сараптама жасалған, оның екеуі – соттың кешенді психологиялық-филологиялық сараптамасы, оның әрқайсысында саясаттанушы сарапшы қатысқан. Филолог сарапшылар зерттеу материалдары негізінде өшпенделік тудыратын ештеңе жоқ деген шешім шығарған, ал саясаттанушылар рулық және сословиелік белгілер бойынша азаматтардың олқылығын насхаттаған деген тұжырымға тоқтаған. Бұл тұжырымдар, біріншіден, саясаттанушы сарапшылардың өз құзыретін түсінбегенін көрсетеді. Өйткені айыпталушы әрекетінің құқықтық бағасын өздері берген және бұл сот сараптамасының құзыретіне мүлде кірмейді. Екіншіден, насхатты араздық тудыратын ақпарат ретінде қарастыру филолог сарапшылардың міндеті. Ал саясаттанушы өзіне қатысы жоқ сұрақпен айналысып, түйткілді оқиғаны саяси білімін пайдалана отырып шешуге назар ау-

дармағанын байқауға болады. Сол кезде құқықтық әдебиетте «рулық меншік», «рулық өшпенделік», «рулық өшпенделіктің нысаны», «сословиелік меншік», «сословиелік өшпенделік», «қоғамдық топ» ұғымдарының анықтамасының болмауы, саясаттанушы сарапшылардың сот сараптамасы жөніндегі жалпы білімінің болмауы және тағы басқа себептері саясаттанушылардың тұжырымдары болжам мен жoramal екенін көрсетеді (рулық араздық тудыратын іс бойынша сот тәжірибесінен мысал <http://www.zakon.kz/4507103-v-kyzylordinskojj-oblasti-sud.html>). 2009 жылдың наурыз айында Алматы қалалық соты миссионер Елизавета Дреничева ісі бойынша апелляциялық арызды қарастырып, бірінші инстанция сотының шешімін жоққа шығарып, айыптаудың мазмұнын өзгертпей-ақ 25 АЕК көлемінде айыппұл төлеуге үкім шығарды.

Осы көрініс Наталья Соколованың ісі бойынша сараптамалық зерттеуді жүргізген саясаттанушы материалында да байқалды. «Қаражанбас-мұнайгаз» компаниясының мұнайшылар қесіподарының заңгері Наталья Соколова 2011 жылы ҚР ҚК екі бабы бойынша қылмыс жасағаны үшін 6 жылға соттады, соның бірі – 164-бап (Әлеуметтік араздық тудыру). 2012 жылы наурызда жаза шартты үш жылға дейін қысқартылып, үш жылға дейін қоғамдық қызметпен айналысу құқығы шектелді. Н.Соколованың қесіподарқа жиналыстарындағы сөйлеген сөздері бойынша екі кешенді психологиялық-филологиялық сараптама жасалды, онда лингвистикалық талдаумен тағы да саясаттанушы айналысқан. Адам құқықтары және заңдылықтың сақталуы Халықаралық Қазақстан бюросының тапсыруымен «Әділ сөз» ҚҚ мамандарды арнайы шақырып (филология ғылымдарының докторы, профессор Ли В.С. және филология ғылымдарының кандидаты, доцент Р.Д.Қарымсақова), дау туғызған 26 сөйлемге лингвистикалық зерттеу жүргізді, сонымен қатар ресми сараптаманың бағасын жасады. Кешенді психологиялық-филологиялық сараптаманың «V. Саяси зерттеу» бөлімінің талдау мазмұны көрсеткендей, онда зерттеу бөлімі атымен жоқ, яғни саясаттанушы сарапшы өзі түйіндеңген деректерді, негіздер мен дәлелдерді зерттемеген, олардың мақсаты анықталмаған және ғылыми негізделмеген. Саясаттанушы сарапшы өз құзыретін асыра пайдаланып, өзінің арнайы білімі бойынша түсіндірілетін мәселелер бойынша қорытынды берген, ғылымның басқа саласы бойынша, атап айтқанда лингвистика бойынша шешім шығарған. Осыған қарамастан саясаттанушы тұжырымдары айыпталушының сөйлеу әрекетін құқықтық бағалауға арналған.

«Әділ сөз» ҚҚ мамандары жүргізген лингвистикалық сараптама зерттеуге берілген сөйлемдерде өшпенделік, адамдарға қатысты алауыздық белгісінің жоқтығын анықтады. Адамдардың әлеуметтік тобына қатысты өшпенделік немесе әлеуметтік топқа агрессивті, зорлық-зомбылық, дөрекі іс-әрекетті жүзеге асыру қажеттілігінің жоқтығын дәлел-

деді (атап айтқанда, әлеуметтік топқа қатысты белгілері бойынша «жұмысшы» / «жұмыс беруші»). Мысал ретінде Соколованың бірнеше даулы сөйлемін келтірейік. «Барлығының Өзен кениндеңегі 4-дәрежелі ПҚҰЦ операторының 330 000 теңге, ал біздің 5-дәрежелі оператор 143 000 теңге алатынын білесіздер. Бұл үлken айырмашылық. Осы талаптарды өтінудің заңды негізі бар»; «Мен мұқият ойланып айтып отырмын: сіздер де өзендейтер сияқты осы саладағы жұмысшысыздар, ал еңбекақыдағы айырмашылық...»; «Өз ақшаң үшін куресу керек, өзіндік үшін куресу керек. Неге біздікілер ай сайын 70% сыйақы ала алмайды?».

Мұнда өшпенделікті қоздыратын сөздің және жағымсыз образдың жоқтығын көріп тұрмыз. Айыпталушының осы және сөйлеген басқа да 23 сөзін өшпенделік тудыру механизміне телісі де, оның ақпараттандыру деңгейіне жататынын байқадық; қызығушылық қалыптастыру жұмыс берушінің теріс образын жасауға талпынбайды (сөйлеген сөздерде осындай әлеуметтік топқа өшпенделік жоқ). «Қимылдау тілегі» мен өшпенделік тудыру деңгейінің формасы жоқ. Зерттеуге берілген Н.Соколова сөздерінің жалпы мағыналық бағыты – «Қаражанба-смұнай» кеніндеңегі жұмысшыларды олардың еңбегінің ақысы жөнінде ақпараттандыру. Әйткені олар еңбек дауындағы мәселеде жағдайды дұрыс деп санаған, олардың назарын осы мәселеге аударып, нақты қызылдарға итермелу, оның ойынша, экономикалық мәселені шешуге ықпалын тигізіп, жұмысшылардың материалдық жағдайын жақсарта алар еді.

Мәтінде ауызша экстремизм белгілерін анықтау әлі күнге дейін шешілмеген. Бұл әр сот отырысында әртүрлі тәжірибелі тудырады.

2016 жылы қарашада №2 Атырау соты Макс Боқаев пен Талғат Аянға қатысты сот үкімін жариялады. Олар жер дауына қатысты ереуілдің ұйымдастырушылары сот үкімі бойынша бес жылға бас бостандығынан айырылып, үш жыл ішінде қоғамдық шаруамен айналысуға тыйым салынған, қатаң режимдегі колонияда жазасын өтөу кесілген. Сот Боқаев пен Аянды ҚР ҚК үш бабы бойынша, соның ішінде 174-баптың 2-бөлімі – «Алеуметтік араздық тудыру» бойынша кінәлі деп тапты. Ис бойынша бірнеше кешенді психологиялық-филологиялық сараптама жүргізілді, онда саясаттанушы сарапшылар құқықтық сауалға жауап берген (мысалы, Зерттеу материалында рулық, әлеуметтік, ұлттық және сословиелік араздық тудыратын сөздер немесе ұлттық ар-намыс пен азаматтардың қадір-қасиетін қорлайтын немесе азаматтардың сословиелік, ұлттық немесе рулық артықшылығы, теңсіздігін тудыратын үндеулер болды ма?), сот саясаттанушы сарапшы құзыретіне жатпайтын сарапшы міндеттерін орындаған (жоғарыда аталғандай, араздық тудыратын сөйлеу актілерінің бар-жоғын анықтау, шақыру

мен насихаттау филолог сарапшының міндеті).

«Әділ сөз» ҚҚ тапсыруымен М.Боқаев ісі бойынша ақпараттық материалың лингвистикалық екі зерттеуін филолог Р.Д.Қарымсақова жүргізді (екінші зерттеу – саясаттанушы Р.Жұмалымен бірге жасалып, «билик», «саяси критика» және тағы басқа сөздерге түсіндірме берілді). Зерттеуге «Макс Боқаев» ([www.facebook.com.max.bokaev](http://www.facebook.com.max.bokaev)) жеке парақшасынан алынған мәтіннің скриншоты, аудиобейнематериалы бар DVD-R таспалары (соның ішінде ереуілдің бейнеролигі, М.Боқаевтың телефонмен сөйлескен аудиожазбалары), 2016 жылы 24 сәуірде М.Боқаев сөйлеген сөздерінің стенограммасы берілді.

Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшада жарияланған М.Боқаевтың 70 мәтіннің мағынасы мен бағыт-бағдары зерттелді. Мазмұны бойынша бұл жарияланымдар төмендегідей бірнеше тақырыптық топқа білінеді: 1) Жер кодексіне өзгерістер енгізу; 2) 21 мамыр мен 24 сәуірде митинг-концерт ұйымдастыру; 3) Аймақтың экологиялық мәселелері; 4) Білім беру мәселелері; 5) Атырау қаласының мәселелері; 6) Құқықтық қорғау мәселелері, НПМ қатысу; 7) Этносаяси қақтығыстар мен жаһандық мәселелер, Қазақстан әскерінің жағдайы, жергілікті билік органдарына сайлау және т.б. М.Боқаевтың 2016 жылы 24 сәуірде сөйлеген сөздеріне жасаған талдау мазмұны көрсеткендей, оның сөзінің мағынасы Жер кодексіне енгізілген өзгерістерге қарсы тараптың ұстанымдарын тыңдармандарына жеткізу, ереуілге қатысушыларға еліміз үшін өзекті мәселеде өзінің азаматтық ұстанымын білдіріп, қатысушыларға ереуілді өткізуінді тәртібін сақтауға шақыру екені анықталды.

Осы сөйлеген сөзінде араздық, өшпенделік тудыру белгілерінің бар екенін дәлелдеу үшін талданған үзіндінің өзінің мақсаты заңда көрсетілген топқа өшпенделік қатынасы тудыруға бағытталғанын дәлелдеу қажет.

Ол үшін былай істеу керек:

- Сөйлеуші қандай да бір топ өкілдерінің жүріс-тұрысындағы кейбір жағдайларда анық байқалатын жағымсыз моральдық мінездер, теріс жақтар, кемшілігінің бар екені туралы пікір білдірді;
- Сөйлеуші осы топтың өкілдеріне қатысты жиіркенішті, адам төзгісін көзқарасының (факт, фактoid, яғни жартылай шын мәліметтер) дұрыс әрі әділетті екенін пайымдарымен дәлелдейді (44-45-66., 21).

М.Боқаев ісінде қатысты зерттеуге алынған барлық дауыл ақпараттық материалда әлеуметтік тобына қарай бөлінген адамдарға қатысты жек көру белгілерін дәлелдейтін және ақтайтын нышандар мүлде жоқ; әлеуметтік тобына қарай адамға бағытталған агрессивті, зорлық-зомбылық, дөрекі қылықтардың қажеттілігін дәлелдеу немесе ақтау да мүлде жоқ.

М.Боқаев ісі бойынша ақпараттық материалдарға лингвистикалық зерттеуді қорғаушы тарап өтініші бойынша ресейлік маман, филология ғылымдарының докторы, Ресей халықтар достығы университеті (РУДН) филология факультетінің бұқаралық коммуникация кафедрасының профессоры, құжаттық және ақпараттық дау бойынша лингвист-сарапшылар одағының мүшесі Трофимова Галина Николаевна да жүргізді. Трофимова жүргізген зерттеу де зерттеуге ұсынылған материалдарда экстремизм нышандары жоқ екенін көрсетті.

2015-2017 жылдары діни араздықты қоздыру бабымен қозғалған қылмыстық істер бойынша шығарылған сот үкімдері алаңдатпай қоймайды. Лингвистикалық (психологиялық-филологиялық) сараптама шеңберінде діни мәтінді дау тудыруши мәтін ретінде зерттеу өте күрделі де қыын, өйткені мазмұны мен мағынасы, мәтіннің pragmatикасы күрделі болып келеді, бұл өте сапалы сараптамалық талдау жасауды талап етеді. Бас прокуратураның Құжаттық статистика және арнайы есеп комитеті келтірген деректерге сүйенсек, 2015 жылдан 2017 жылға дейінгі аралықта ҚР ҚК 174 және 256-баптарымен 205 адам сottalған, олардың ішінде 69-ы 174-бап бойынша істі болса, 136-сы 256-баппен жауапкершілікке тартылған. Осы істердің біразы бойынша даулы ақпараттық материалдарды талдау (негізінен жазбаша және ауызша мәтін) кейде лингвистиканың аясынан тыс сұрақтарды тудырады. Мәселен, Исламдағы салафизм ағымын насиҳаттайтындар қылмыстық қудалауға ұшырауы керек пе? Қазақстанда салафизм тыйым салынған ағымға жата ма? Ақпараттық материалдарға тыйым салу тұтас діни ағымды (тармақты) шектеуге алып келмей ме? (Қазақстанда ханафи бағытындағы Ислам діні мен православиелік христиан діні ресми мойындалатынын айта кеткен жөн). Бұл сауалдар текten-текке туындалап отырған жоқ. Психологиялық-филологиялық және діни сараптама мен айыптау актінің мазмұнына назар аударсақ, діни араздықты қоздыру дегенде көбіне-көп ақпараттық материалдың мазмұны мен мағынасына емес, айыпталуышының ислам дініндегі аталған ағымды ұстану ықтималдығына назар аударылып жатады. Алайда, дінді берік ұстану араздықты қоздыру дегенді білдірмейді. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ауызекі экстремизм (соның ішінде діни) осындаі дін ұстануға қатысты қөзқарас пен қандай да бір діни топ өкілдеріне жаулықпен, жеккөре қараудың арасында байланыс бар екенін көреміз, кейде мұндай діни топ өкілдеріне күш көрсету немесе олардың көзін жою да насиҳатталады.

Дегенмен, мұндай мақсат Куаныш Башпаевтың ісіндегі даулы ақпараттық материалдарда кездеспейді. Қ.Башпаев Медина Ислам университеті (Сауд Арабиясы) хадис факультетінің түлегі, 2017 жылдың сәуір айында ол Павлодар қалалық сотының үкімімен діни араздықты қоздырғаны үшін (ҚҚ ескі редакциясындағы 164-бап) 4,5 жылға сottalған болатын. Айыптауға процесс барысында жасалған екі сараптама негіз

болған (15.04.2016 жылғы №26 және 20.06.2016 жылғы №381), мұнда сот сараптама мамандары даулы материалға құқықтық квалификация берген, атап айтқанда, ол материалдарда діни араздықты тудыру белгілері, азаматтардың діни сезімін қорлау, өзгешелікті насиҳаттау, дінге қатысты азаматтарды артықшылыққа ие және кембағал етіп көрсету бар деп тапқан.

Осы материалдар бойынша «Әділ сөз» ҚҚ тапсырысымен біз де зерттеу жүргіздік, сегіз даулы мәтіннің (тергеу оны шартты түрде лекция деп атаған) мазмұны мен мағынасы зерттелді. Бұл мәтіндердің мағынасы (мақсаты) адресатты ақпараттандыруға бағытталған. Атап айтқанда:

- Алла мен оның елшісінің алдына түсуге тыйым салу мәселесі;
- Мұсылман әлемі үшін сұннет Құраннан кейінгі бағыт-бағдар екені жөнінде;
- Ашариттер мен матрудилердің діни қөзқарасындағы ерекшеліктер, олардың дін ұстануындағы белгілі бір қайшылықтар, оның мағынасының бұрмалануы жөнінде;
- Мұсылмандардың Аллаға серік қоспау жөніндегі талапты бұзуы жөнінде;
- Шахад мазмұны, оны жан-жақты түсіндіру жөнінде;
- Исламның алғашқы екі шарты – шахад пен намаздың түрлі аспектилері, оларды түсіндіру жөнінде;
- «Иман (сенім)» түсінігін түрлі мазмұнда түсіну жөнінде, олардың мағынасын түсіндіру тұрасында.

Сонымен қатар, мәтіннің көзделеген мақсатында келесідей белгілер бар екені анықталды:

- адресатты Құран мен сұннетті қатаң ұстануға шақыру, құнделікті өмірде де тек осы екеуінің айтқанымен жүрү, соны басшылыққа алу;
- адресатты иман шарттарын бұзу ықтималдығынан сақтандыру, сонымен бірге оны бекіте түсу; дін туралы уағыз айту, исламның бірінші және екінші шартына қайшы келетін әрекетке барудан сақтандыру.

Мәселен, шартты түрде «Ей, мұсылман, Жаңа жылды тойлауды қысқарт!» деген мәтінде Қ.Башпаев мұсылман баласына қарат атырып, Аяз Атаға өтініш айтып, бас ұрудың исламның бірінші шартына (яғни, Аллаға серік қоспауға) қайшы екенін алға тартып, оны бұзудың салдары туралы да айтады. Мұның ақиқат екенін автор Құран арқылы дәлелдеп, Құран аяттарын келтіреді (осы арада айта кететін жайт, 2015 жылғы 23 қарашада 2002 жылдың 25 шілдесінде қабылданған №114-ФЗ «Экстремистік қызметке қарсы әрекет туралы» Ресей федералды

заңының 3-бабына тузыту енгізілді: «3-бап (1), Діни мәтіндерге қатысты экстремистік қызметке қарсы әрекет туралы Ресей Федерациясы заңнамаларын қолданудың ерекшеліктері: Библия, Құран, Танаҳ және Ганджур діни мәтіндері, олардан алынған дәйексөз экстремистік материалға жатпайды».

Мәтінге және оның дау тудырған бөлігіне лингвистикалық талдау нәтижесі онда араздық қоздыратын сөздер жоқ екенін (тура да, жаңама да) көрсетті, онда серік қосушыларға қарсы агрессия және күш қолдануға шақыру жоқ (ал сараптама солай деп көрсеткен). Сөйлемдерде астырытын мағына жоқ, дау тудырған тіркес бір ғана мағынаны білдіреді, басқаша түсініп қалу мүмкін де емес. «Ей, мұсылман, Жаңа жылды тойлауды қысқарт!» деген мәтіннің мағынасы адресатты ислам шарттарын бұзудан хабардар етуге, Аллаға серік қосуға болмайтынын айта отырып, адресатты осындай қателікке ұрынудан сақтандыруға, сонымен қатар таза ислами құндылықты сақтау үшін иманын нығайта түсуге бағыттылған.

Жалпы алғанда, Қ.Башпаевтың мәтінінің мазмұны мен мағынасы оның діни-адамгершілік идеяны насиҳаттауын, дәстүрлі исламды ұстануға бағыт беруді көрсетеді. Ал дін қызметкерлері мен сол дінді ұстанушылар үшін ұстанатын дінінің ақиқат екенін жариялау кез келген конфесияның ажырамас бөлігі деуге болады. Осыған орай В.А.Мишланов былай дейді: «Шіркеулік-діни дискурстағы мәтіндерге квалификация берумен байланысты қындық бар, қандай да бір діни ағымды жалғыз ақиқат ретінде насиҳаттау (яғни, тек сол діннің не ағымның шарттарын насиҳаттау) дін қызметкерінің негізгі идеологиялық міндепті, оның кәсіби парызы. Алайда, мұндай насиҳат сонымен бірге басқа діннің (немесе дін ішіндегі ағымның) жетілмегенін насиҳаттау болып есептеледі» (12, 62-69-66.).

Осы факторды ескере отырып, ғалымдар діни мәтіндегі насиҳатты құқықтық тұрғыда түсінуге келгенде тек агрессиялық манипуляция, басқа дін өкілдерін кемсітіп көрсететін сөздер болғанда ғана назар аударуды ұсынады. Белгілі бір ұлттық, діни топтың немесе сол топ ішіндегі белгілі бір адамдардың құқығын шектеу, оларға күш көрсету, арандату болса ғана ол қылмыс белгісі ретінде қарастырылуы тиіс, ал ол үшін жауапкершілік ҚР ҚК 174-бабында қарастырылған. Қ.Башпаевтың ісіндегі ақпараттық материалдарда мұндай белгі жоқ. Осыған ұқсас жағдайда Нариман Сейітжановтың ісінен де аңғарамыз. Сейітжанов 2017 жылдың маусым айында ҚР ҚК дәл осы бабымен қылмыстық жауапкершілікке тартылып, бес жылға бас бостандығынан айырылған.

## ӨШПЕНДІЛІК ТУДЫРАТЫН СӨЗДЕР – КОНФЛИКТОГЕН (ДАУ ТУДЫРАТЫН СӨЗДЕР)

Аталған жоба бойынша әртүрлі жағдайда Өшпенділікті қоздыратын сөздері бар мәтіндер (пікір білдіру) таңдалды. Бір қызығы, оларда өшпенділік тудыратын дәрекі сөздер жоқ. Төмендегі мәтінге лингвистикалық талдау жасап көрелік.

*Негізі, Хэллоуин – біздің мейрам. Бізде көптеген нарсенің сиқыры бар. Жігіті мастан кетсе – балгерге барады. Қөліктің айнасын ұрлап кетсе, біреу дуалап мастанған. Астық шықпай қалса – құрбандыққа мал сойылады. Несие төлей алмасақ – адыраспанды жағу керек.*

*Немесе қазақ тілінің латын қарпіне көширілуі. Ұшқыр, керемет, дұрыс әрі қызық бастама. Бірақ біздің «мамандар» қолға алса болғаны – өте жақсы бастама сиқырлы таяқшаның сілтеуімен апострофтары көп, оқылмайтын нәжіске айналады. Көз байлауышлық дерсің.*

*Ал біздің саясаткерлер мен шенеуніктердің басым бөлігі – сиқыршылар. Бір құн болса да бизнеспен айналыспай-ақ, Лондондағы пәтер, қымбат қөліктөр мен қымбат маркалы сағаттардың қожайыны.*

*Біз осындай сиқырлы халықпаз. Қазақ экономикасына да осындай ғажайып құн туады деп сенеміз! (Ержан Рашев).*

Мәтін (жазба, хабарлама) комментарий жанрында жазылған, автор аудиторияға кең танымал құбылыстар мен оқығаларға өз пікірін білдіріп, бағасын береді. Мәтіннің басты идеясы – ‘қазақтар – сиқырлы халық’/‘қазақтар сиқырға сенеді’ (**магия** – ырымшыл көзқараста: адамдарға және табиғат құбылыстарына әсер алатын таңғажайып қүші бар амалдардың (сөз берін іс-қимылдың) жиынтығы). Мәтін авторы өзін халықпен (этноспен) біз, біздің, бізде есімдіктерімен, етістікің барамыз, соымыз, істей алмаймыз сөздерімен теңестіріп, өзін халықтың өкілдері қатарына қосады. Мәтіннің кекесін астары бар: тайпаластарының әртүрлі жағдайдағы жетістіктері мен сәтсіздіктерін сиқыр арқылы түсіндіруінің астарында зілді әзіл жатыр.

Хабарлама мәтіннің құрылымындағы бір үзіндін (микромәтін) атап көрсетуге болады, онда дау тудыратын сөздер болғандықтан, адресатына арнайы түсіндірілуі тиіс: *Немесе қазақ тілінің латын қарпіне көширілуі. Ұшқыр, керемет, дұрыс әрі қызық бастама. Бірақ біздің мамандар қолға алса болғаны – өте жақсы бастама сиқырлы таяқшаның сілтеуімен апострофтары көп, оқылмайтын нәжіске айналады. Көз байлауышлық дерсің.*

Мәтіннің тақырыбы – ‘ұсынған латын қарпі оқылмайтын бірдене’, яғни хабарлама тақырыбының өзі дау-жанжалға бейім. Хабарлама тақырыбының жанжалға бейімдігі конфликтоген тіркесінде байқалады: *Бірақ біздің «мамандар» қолға алса болғаны – өте жақсы бастама сиқырлы таяқшаның сілтеуімен апострофтары көп, оқылмайтын нәжіске айналады. Мұның мазмұны мамандар ұсынған латын қар-*

пінің кеңінен тарқатылып түсіндірілмей жатып, теріс баға алуына әкеп соқтырады. Дау тудыратын тіркестердің (конфликтоген) маңызды белгісі өшпендейтілік тудыратын сөздер болып есептеледі, нақтырақ айтқанда **апострофтары көп, оқылмайтын нәжіс** тіркесі.

Ұсынылған қазақ әліпбій белгілеуде лексемасында **нәжіс** сөзі бар этностың тілінде де дөрекі сөз, ауыспалы мағынасында да ('жиіркенішті, жаман, ұсқынсыз бірдене' ретінде) адамның немесе хайуанның экспрессенті ретінде қабылданады. Онсыз да белгілі, этнос өкілінің теріс бағаланған осындағы сөздік құралы жәбірлеу мен қорлау ретінде қабылдануы мүмкін, сөйтіп оның ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау ретінде түсіндірілуі мүмкін (ҚР ҚК 174-бабы).

«Ұлттық ар-намыс – халықтың (этнос) қадір-қасиетіне моральдық-адамгершілік бағасы», ол кез келген халықтың көпұлттық қауымдастырындағы рөлін, тарихи процестердегі, қоғамның мәдени дамуындағы қызыметін қоғамдық мойындауға негізделген. **Ұлттық ар-намыстың айрықша қорғалатын атрибуттарының бірі – ана тілі** (Р.Қ. – арнайы белгіленді). Ұлттық ар-намыс халықтың (этностың) өзіндік ерекшелік көрінісінің айрықша формасы ретінде қызымет етеді, сондықтан басқа халықтармен ұлттық ар-намысы арқылы өзара байланысында халықтың одан әрі өзін-өзі тануына, өз потенциалын ұлғайтуына ықпал етеді» (11, 98-бет).

38

Құқықтық әдебиетте мынадай түсіндірме беріледі: «Ұлттық ар-намыс пен қадір-қасиетті немесе азаматтардың діни ұстанымдарын қорлау көрсетілген категориядағы тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауға бағытталған әдепсіз формадағы іс-қимылдар ұлттың киелі жерлерін, өмір салтын, тұрмысын, әртүрлі нәсілдердің даму тарихын, ұлты мен халқын тәмемдегу үшін жасалады (ҚР ҚМ комментарий (Ерекше бөлім) /ред. И.Борчашвили, 2012). Мұндай әрекеттің дифференциалды сипаты ретінде сөйлемнің әдепсіз формасы шығады, лингвистикада олар боктық лексика, дөрекі құрылған сөздер мен сөйлемдер, сондай-ақ ұтсыз мағыналы сөз тіркестерін білдіреді. Ұлттық ар-намыс пен қадір-қасиетті немесе азаматтардың діни ұстанымын қорлайтын пікірлердің барын дәлелдеу үшін талдауға алынған мәтіннің құрамында азаматтардың дінге, ұлтқа қатыстылық белгілерін сипаттауда жоғарыда көрсетілген лексика тобының барын дәлелдеу қажет. Мұндай жағдайда лингвист-сарапшы сөйлемнің мақсатты бағытын адамның ар-намысын қорлау немесе адамдарды ұлттық сипаты бойынша ұлттық намысын тудыратын жәбірлеуді негізге ала отырып жоғарыда көрсетілгендей талдау қажет. Сарапшы (маман) келесі мәселелерді шешеді: Зерттеу нысанына алынған материалда ұлттық сипат бойынша қорлайтын немесе жәбірлейтін нышандар бар ма? Аталған мәтіннің мағынасына жасалған талдау көрсеткендей, мәтінде тұлғаларға қатысты белгіленген сипат жоқ; мәтінде қазақ әліпбійнің латын қарпіне өтуіне оң баға берілген және ұсынылған латын қарпі нұсқасының құрамы мен сапасына жалпылама түрде теріс баға берілген, шынтуайтында, келтірілген пікірге негіздеме жоқ.

Қорытындылай келе, қарастырған хабарламадағы инвективті лексиканы қолданудың өзіндік дәлеліне қарамастан, ескерту айта кеткен жөн: адамның сөйлеу мәдениеті, әсіресе, бұқаралық коммуникацияда дәстүрлі емес (балағат сөздер) лексиканы (сүмпайы, нәжіс, онбаған – мысалдар үшін кешірім сұраймын) көпшілік алдында қолдануға болмайтынын көрсетеді.

## Біздің ұсыныстар

Қылмыстық істер бойынша сараптаманы тағайындау мен жүргізу, соның ішінде экстремистік сипаттағы қылмыстық істер ҚР ҚПК арқылы реттеледі. Алайда, тергеу органдарының өкілдеріне филологиялық сараптама тағайындаудың жай-жапсары жан-жақты түсіндірлген әдістемелік ұсыныстары көмектесе алатыны анық.

Біріншіден, бұл ұсыныстарда қандай жағдайда және қандай мақсатпен сараптама тағайындалатыны қарастырылуы мүмкін (Жауп – ақпараттық материалдардың мақсаттық (мағыналық) бағытын анықтау қажет болған жағдайдаған, яғни барлық жағдайда емес. Сараптама тағайындалатын сөйлемдердің көпшілігінің мағынасы қарапайым және түсінікті, айқын көрініп тұрады, сондықтан лингвистикалық сараптаманың басты міндеті айқын нәрсені дәлелдеуге арналады (мысалы, «Хачты соқ, Хачты өлтір» және т.б. тіркесіндегі «Соқ», «Өлтір» етістіктерінің ғылыми зерттеуін талап етеді). Кейір жағдайларда сарапшылардың терең қесіби қызыметі қажет, мұндай жағдайда мәтіннің мағынасы мүқият талдауды қажет етеді. Мәтін үзіндісі мен астарындағы тұспалдар мен сауалдар бөлініп алынады, яғни жетілдірілген стилистік әдіс-тәсілдермен респондент түсінігін алдап-арбау арқылы әшкереленеді.

Екіншіден, әдістемелік ұсыныстар мынадай жағдайды көрсетеді: Сараптаманы жүргізуға лингвист міндетті түрде қатысады, сонымен қатар ғылымның басқа да салаларының мамандары тартылады. Шындыққа сәйкес келетін нақты дәйектер (мысалы, ұлттық, нәсілдік, діни және басқа да қоғамдық топтардың өкілдерін жағымсыз сипаттайтындарға қатысты) өзіне-өзі қарсы келмейді, сондықтан материалдағы деректердің шындық не жалған екенін анықтау үшін, сонымен қатар арнайы терминдер мен терминдік сипаттағы тіркестердің мазмұнын түсіндіру үшін зерттеуге ғылымның басқа саласының мамандары тартылады (психолог, тарихшы, дінтанушы, антрополог, философ, саясаттанушы және т.б.) және кешенді сараптама жүргізу тағайындалады. Ұсыныстарда лингвистермен бірге кешенді сараптаманы жүргізуға қатыстаын басқа да мамандарға арналған типті сауалдар келтірілуі мүмкін (тәмемдегі сауалдардан мысал келтіріп көрелік: Жарияланымда келтірілген деректі мәліметтер (мәтіннен үзінді келтіріледі) ғылыми негізге (тарих, дінтану, антропология, генетика және т.б.) сәйкес келе ме?; Жарияланым авторы жасаған пайымдаулар мен тұжырымдар (зерттеу мәтінінен үзінді келтіріледі) ғылыми көзқарасқа сәйкес келе ме?). (9, 99-бет)

39

Ушіншіден, ұсынылған әдістемелік ұсыныстарда лингвистердің ақпараттық материалдарды зерттеу барысында заңмен бекітілген сауалдар сауатты болуы тиіс, бұл ресейлік әдістемелерде ұсынылып жүр. Жоғарыда көрсетілгендей, экстремистік сипаттағы қылмыстық істердің сот сараптамасын тағайындауда сарапшыға оның құқықтық құзіретіне кірмейтін, іс-әрекетінің біліктілігіне қатысты сұрақтар қойылады. Әсіресе, сарапшыға мәтінде экстремистік әрекетке шақыратын, ақпараттық материалда жек көру мен өшпенілік тұдышатын және тағы басқа үндеудердің бар-жоғын анықтауға бағытталған сұрақтар қойылады. Осыны негізге ала отырып сарапшының қорытындысын сотта жоққа шығарып, дәлелдерін қабылдамауы мүмкін.

Лингвист сарапшы жұмыс барысында дәлел бола алатын мағыналы мәліметтерді ғылымға негіздеу үшін объективті, сенімді және аprobациялық әдіс-тәсілдерді құрайтын лингвистикалық талдаудан тұратын арнағы сараптамалық әдістемені негізге алуы қажет. Ол жасалған тұжырымның нақтылығын, сенімділігін, жаңғырытуын (қайталануы), дәлдігі мен негізділігін қамтамасыз етеді. Шынтуайтында, қазіргі таңда сөйлеудегі экстремизм ісі бойынша жоғарыда аталған талаптарға толығымен сай келетін сот психологиялық-филологиялық (лингвистикалық) сараптамасы әлі күнге дейін жасалған жоқ. Қазіргі таңда «Психологиялық-әдістемелік сараптаманы жүргізу әдістемесі (бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар мен материалдарды құқықтық бағалауға жол беретін этникалық, нәсілдік, діни және басқа да араздықтар бойынша арандатуды зерттеу)» (2008 ж.) әдістемесі қолданылады. Авторлардың сансызы тізіміне қарамастан, берілген мақаланың авторы да, әдістеме де мінсіз емес. Лингвистикалық эксперторология саласындағы ғылыми-тәжірибелік жетістіктерді ескерсек, тамырымен өзгертуді талап етеді. Сараптамалық әдістеме филология, дінтану, психология және басқа да әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың негіздерін түсіндіретін ғылыми-теориялық мәліметтерден тұратын оку құралы ғана емес, сараптамалық сауалдарды шешетін сараптама нысанын зерттеуге арналған әдіс-тәсілдер жүйесі, амалдар мен құралдарды сипаттауы тиіс. Сипатталған жағдайдың түйіні: сот сараптамасы органдарының, әділет министрлігінің басты міндеті – сапалы сараптамалық әдістеме жасап шығару.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Язык мой... Проблема этнической и религиозной нетерпимости в российских СМИ / Сост. А.М. Верховский. – М.: РОО «Центр «Панorama», 2002.
2. Об использовании специальных познаний по делам и материалам о возбуждении национальной, расовой или религиозной вражды: методические рекомендации [Институт укрепления законности и правопорядка Генеральной прокуратуры РФ. Документ №27-19 от 29 июня 1999 г.]
3. Шейнов В.П. Риторика. – Минск: Амалфея, 2000.
4. Кукушкина О.В. Сафонова Ю. А., Секераж Т.Н. Теоретические и методические основы судебной психолого-лингвистической экспертизы текстов по делам, связанным с противодействием экстремизму / О.В. Кукушкина, Ю.А.Сафонова, Т.Н. Секераж . – М.: РФЦСЭ, 2011.
5. Осадчий М.А. Русский язык на грани права: Функционирование современного русского языка в условиях правовой регламентации речи. М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2013.
6. Бринев К.И. Справочник по судебной лингвистической экспертизе. – М: Книжный дом «Либерком», 2013. – 200с.
7. Сенявская Е.С. Образ врага в сознании участников Великой Отечественной войны // История. Еженедельное приложение к газете «Первое сентября». 1997. № 19
8. Галышина Е.И. Лингвистика vs против экстремизма: В помощь судьям, следователям, экспертам. – М.: Юридическиy Мир, 2006.
9. Экспертные исследования по делам о признании информационных материалов экстремистскими: теоретические основания и методическое руководство (научно-практическое издание) / С.А. Кузнецов, С.М. Олейников. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Издательский дом В. Ема, 2014.
10. Теория и практика судебной экспертизы в гражданском и арбитражном процессе. Научно-практическое пособие /Под ред. д.ю.н., проф. Россинской Е. Р. – М, 2006.
11. Исаев М.И. Словарь этнолингвистических понятий и терминов. – 3-е изд. – М.: Флинта, 2003.
12. Мишланов В. А. Законодательство РФ об экстремизме и задачи лингвистической экспертизы текстов [Текст] / В. А. Мишланов // Вестник Пермского университета. – Сер. Российской и зарубежной филология. – 2012. – Вып. 3 (19). – С. 62–69.

## МЕДИАДАҒЫ ТІЛДІК БІРЕГЕЙЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БЛО- ГОСФЕРАДАҒЫ ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІН ТАЛДАУ

### КІРІСПЕ

Бұл мақалада қазақ блогосферасының дискурсы талданады, ондағы мақсат: 1) тіл туралы жазбалардағы өшпенділік тілінің бар/жоқ екенін анықтау және 2) қалыпты наративтерді анықтау жолымен тілдік бірегейлік туралы түсінікті қалыптастыру. Бұл жұмыс әлеуметтік конструктивизм теориясының ережелеріне негізделеді. Осы көзқарас тұрғысынан алсақ, әлеуметтік жағынан шындық адамдар бір-бірімен араласқан уақытта көріне бастайды: «Тіл мына дүниені ұғыну үшін және білгенінді тарату үшін керек. Қарым-қатынас кезінде тілдің өзектілігі де арта түседі. Басқаша айтсақ, адам өзінің әлеуметтік әлемін тек әрекеті арқылы ғана емес, тілдің арқасында да көрсете алады; сөйлесу арқылы шынайы өмір көрініс береді, айтылаған нәрсе жоқ дүние деген сөз» (Бергер және Лукман, 1995: 104).

Дискурс қарым-қатынастың барлық түрін қамтиды. Сонымен қатар, ол нақтылықты да көрсетеді. Өйткені, адамның ой-санасы мен интеракциясы әлемнің, ұқсастық пен әлеуметтік қатынастың көрінісі ғана емес, олардың белсенді түрде құрылымдалуы, өндірілуі және трансформациясы да. Дискурсты «сөйлеудің әрекетті реттейтін және күшайтеді түседін институционалды тәсілі» деуге де болады (Link, 1983: 60). Плотникова дұрыс айтады (2014: 42), «бірлесе құрылымдалған өмір бір мезгілде және бірлесе құрылған дискурс болып есептеледі, яғни нақты бір уақыт шегінде тікелей дискурста болады». Дискурсивті құрылымдау процесі кезінде нақтылықтың мәні арта түседі: «Көрінбейтін жағдайдан көрінетін жағдайға өтеді, мұндайда дискурс адам үшін қалыпты, тікелей қатысы бар жағдайға айналады. Әлемді қалыптастыру әрекет пен дискурстың конгитивті сценарийі көмегімен жүзеге асады: адам нақты бір қарым-қатынас кезінде қалай сөйлеу мен қалай әрекет ету туралы білетін болады» (Плотникова 2014: 42). Осылайша, дискурсты талдау тек мағынаны бөлудің ретроспективалық талдауымен ғана емес, сонымен бірге дискурс көмегімен нақтылықтың жалғасуымен де байланысты болып шығады.

### БАҚ ДИСКУРСЫ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚТЫ ҚҰРЫЛЫМДАУ

Постмодернизм ықпалының мәдени феномені, әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдарынан қатты білінеді. Бұл тұжырымдама бойынша объективті нақтылық деген жоқ, сонымен бірге сыртқы тәжірибе деген

де жоқ. Өйткені, әр тәжірибе мен әр нақты жағдай семантикалық дискурстың нәтижесі ғана (Drozdz 2016). Біз ақпарат құралдарының әлемде болып жатқан оқиғалар туралы хабар таратудан бөлек уақыт өткен сайын «медиа» шындығының қалыптасуына ықпал етіп жатқанын аңғарамыз. Медиа тілі түрлі ойын мен субъективизмнің құралына айналып барады әрі мағынаны ойнату арқылы қандай да бір жауапкершілікке де тартыла бермейді.

Drozdz (2016) мұны дұрыс байқаған, нақтылық, шындықты түйсіну сезімінің тығырыққа тірелгені соншалық, «құнделікті өмірдегі шындық пен медиадағы шындықтың ара-жігін нақты ашып көрсету мүмкін болмай отыр». Ақпаратты медиадан алатындар, мәселен, шынайы өшпендейтілік пен оның ақпарат құралдарындағы көрінісін ажырататын критерийлерге бас қатыра бермейді. Шындық көп жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарында оқиғаның жариялануына орай туындаған образдармен бірге бағалана бастайды. Медиа дискурса талдау жасаудың өзекті болуының негізгі себептерінің бірі де осында.

### ЗЕРТТЕУ СИПАТТАМАСЫ

Қазақстандық блогосфера дағы дискурсты талдау үшін танымал блогерлердің 2017 жылдың мамыр айынан бастап қазан айына дейін Фейсбук әлеуметтік желісінде жарық көрген жазбалары іріктелді. Блогерлердің танымалдығы осы мерзім ішіндегі жарияланымдардың санымен және қандай да бір жазбаларына әлеуметтік желіні пайдаланушылардың қойған «лүпіл» санымен анықталды. Осылайша, қазақ тілінде жарық көрген 94 жарияланым мен орыс тілінде жарияланған 37 жазба таңдалды. Бұл жұмыстың мақсаты тіл туралы жазбалардағы өшпендейтілік тілінің бар/жоғын анықтау болғандықтан, зерттеу нысаны ретінде тіл мәселесіне тікелей немесе жанама қатысы бар жазбалар ғана алынды. Негізінен ішінде «тіл», «қазақша», «орысша» деген сөздер кездесетін жарияланымдар таңдалды. Бұлар қазақ тіліндегі 32 жазбада кездессе, орыс тілінде бұл сөздердің саны 17 болды. Төменде қазақ және орыс тілдеріндегі жарияланымның пайызыға шаққандағы ақпараты беріліп отыр.

1-кесте. Зерттеу материалы

	Қазақ тіліндегі жазбалардың жалпы санына шаққанда	Орыс тіліндегі жазбалардың жалпы санына шаққанда
Тіл туралы жарияланым саны	34% (32)	50% (17)

Әрі қарай тіл туралы жарияланымдарда өшпендейтілік тілінің бар/жоғы және өшпендейтілік деңгейі талданды, сонымен қатар тілдік бірегейлікке қатысты наративтерді анықтау мақсатымен дискурсивті талдау жасалды.

### НӘТИЖЕСІ

Зерттеу нәтижесі тілді тиек еткен жазбаларда басқа этникалық топ өкілдеріне қатысты өшпендейтілік тіл жоқтың қасы екенін көрсетті. Тек екі мысалды ғана бөле-жара айтуға болады, оларда қазақ қоғамына және қазақтардың жағымсыз образын қалыптастыруға «басқалардың» көрі ықпалына қатысты айыптау бар.

1-мысал:

«...ватніктерге ең керегі өздері қазақ тілінде сейлемеуі емес, қазақтардың қазақша сөйлеп, ойлап кетпеуі».

Бұл мысалда айыптау көмескі, автордың «ватник» дегендеге кімді айтып тұрғаны белгісіз. Оның үстіне, жиналған материалдың ішінде бір жазбада ватнікте ұлт болмайтыны айтылған екен. Екінші мысалдан да осындағы тенденцияны аңғаруға болады, мұнда да нақты адамдарға қатысты айыптау жоқ, тек «олар» деп көрсеткен.

2-мысал:

«Яндекс такси Қазақстан» ролигіндегі жүргізушиңің акцентін түсіне алмадым. Олар мұнымен не айтқысы келеді? Қазақстанда адамдар осылай сөйлейді дегенді айтқысы келе ме? Орыс тіліндегі сөздердің дұрыс айта алмайтынымызды көрсеткісі келе ме?».

Біздің тіл туралы материалымызда ашықтан-ашық өшпендейтілік тіл жоқ десек болады, Ал «басқаларға» көңілтолмаушылық тұрғысындағы жазбаларда өшпендейтілік нысаны нақты көрсетілмейді.

Этникалық қазақтардың іріктелген жазбаларында басқа этникалық топтардың өкілдеріне қатысты өшпендейтілік жоқ екеніне қарамастан, жазбаларда «Сова» ақпараттық-аналитикалық орталығы ([www.sova-center.ru](http://www.sova-center.ru)) ұсынған өшпендейтілік тілінің шкаласына сәйкес қазақтарға қатысты «жұмсақ» өшпендейтілік тілі кездеседі. Жазбаларда қазақтар арасындағы ішкі этникалық конфликтін наратив жүйелі түрде кездесіп отырады, онда этникалық жағынан бір топқа жататындардың жағымсыз образын көрсететін жайттар бар. Барлық наративті үш ауқымды категорияға біріктіруге болады:

- 1) Lamenting – қазақтың тағдыры-тәлейі туралы зар
- 2) Othering – «орыстілді қазақтар» vs. «қазақтілді қазақтар»
- 3) Defining – қазақ деген кім?

## **Ламентинг (ағылшының «lamenting» сөзінен) – зарлау, жоқтау.**

Қазақ тіліндегі жазбалардан «қазақты» жапа шегіп жүрген халық ретінде көрсету тенденциясы байқалады; мұны қазақтілді халықтың «қалыптасқан сипаттамасы» деуге де болады. Мәселен, жарияланымдарда «неткен бейшара елміз», «сорлы ел», «сорланып жүрген қазақ», «қорланып жүрген қазақ», «құл», «құлдықтағы сана» деген тіркестерді көптең кездестіруге болады. Халықтың азап шегіп жүргеніне, қазақтың біреуге құл болып жүргеніне кінәлілерді табуға да болады, алайда, жазбаларда тікелей айыптау жоқ. Ал орыстілді блогерлерден «өзіне аяушылықпен қаралу» байқалмайды.

## **Othering (ағылшының «other» – басқалар деген сөзінен) «орыстілді қазақтар» vs. «қазақтілді қазақтар».**

Сонымен қатар, жарияланымдарда қазақ тілінде сөйлейтіндерді топтап, «біз» деп пайдалану жиі кездеседі. Ал орыстілді қазақтарға қатысты әңгімede «othering» (басқалар) деген нарратив қолданылады. Басқаша айтсақ, қазақша сөйлейтін «біз» және туған тілінде сөйлейтін алмайтын шала қазақтар, яғни «олар» бар. Билік басындағылардың қазақ тілін білмейтін және білгісі келмейтін туралы сөз болғанда әлеуметтік конфликт те туып жатады. Мысалы, қазақ тілін білмейтін билік өкілдері мен мекеме басшыларын айыптау байқалады, мұндайда «кейбір министрлер мен депутаттар қазақша сөйлей алмаса не істейсін?», «министрлердің көбі қазақша сөйлей алмайды», «өздері сияқты қазақ тілін білмейтіндерді ұнатады» деген сөздерді пайдаланған.

Орыс тіліндегі жазбаларда мұндай айыптау кездеспейді. Мысалы, түрік жолаушыға қазақ тілінде қызмет көрсетпеген стюардессаға байланысты дау-дамай кезінде қазақ тілінде «бізді тағы да ақымақ етіп көрсетіп отыр» деген сиңайдарғы жазбалар бар. Ал орыс тіліндегі жазбада қазақтардың сауатына қатысты айтылған, мысалы: «өзбектерді сауатсыз дейсіңдер, ал өздерің алты сөйлемде он қате жіберіп отырсыңдар». Қазақша қатемен жазуға қатысты сын-ескертпе көп кездеседі.

## **Defining (ағылшының «define» – анықтама сөзінен) – бірегейлік.**

Орыс тіліндегі жазбаларда ел үшін нақты іспен айналысып жүрген нағыз қазақтар туралы нарратив жиі кездеседі. Олар сынандыға да кейстердегі сияқты тіл айырмашылықтың негізгі индексі ретінде саяси мәнге ие болады. Әлеуметтік ғылымда этникалық және тілдік бірегейлік отарлау мен ұлт ретінде құрылу процесі кезінде қалыптасқан заманауи саясаттың жемісі ретінде көрініс береді. Бүгінгі заманғы ұлтшылдық пайда болғанға дейін тіл аса маңызды фактор болған жоқ, ол бедел мен билікке тәуелді фактор емес еді.

## **КОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР**

Жазбаларда айтарлықтай өшпендейлікке шақыратын сөздер жоқ. Жарияланымдардың салыстырмалы түрде бейтарап болып келуі таңдалған материалдарға байланысты болуы да мүмкін. Фейсбук желісін орта тап мен орта жастағы адамдар көбірек пайдаланатыны мәлім. Әлеуметтік-мәдени мәртебесіне, елдегі саяси жағдайдан хабардарлығына, аудиториясын жақсы білуіне орай блогерлеріміз өшпендейлікті ашық көрсетуге бейіл емес. Оның үстінен қоғамда қазақтарды сынандыға қатысты «ownership» (құқық) идеясы бар: қазақты тек қазақша сөйлейтін қазақтар ғана сынай алады. Басқа әлеуметтік желілердегі комментарийлерді талдасақ, жағдай басқаша болуы мүмкін. Кең ауқымды іріктеу жасай отырып талдау жасауды ұсынамыз, мұндайда өшпендейлікке шақыратын сөздердің пайдаланылу жиілігі мен деңгейі, жазба мен комментарий тіліндегі өзгеріс, жазбаның немесе жарияланымның тақырыбы, дереккөз, пікірталастың деңгейі, аноним және тағы басқа шарттар мүқият назарға алынуы тиіс.

Этникалық қазақтардың жазбасында басқа этникалық топ өкілдеріне қатысты өшпендейлікке шақыратын сөздер болмағанымен, қазақтардың өз арасындағы ішкі қақтығыстардан хабар беретін нарратив алаңдатпай қоймайды. Тәжірибе көрсеткендей, элитаның қатысы бар ірі этникалық конфликтілер көп жағдайда ішкі этникалық тарыс пен байланысты (Fearon & Laitin, 2000: 845). Осы себептен де қазақтар арасындағы конфликтіге мониторинг жасауды жалғастыру керек.

Ішкі этникалық конфликтінің бір себебі ретінде қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жіккө бөлінуді айтуға болады. Алайда, басқа да кейстердегі сияқты тіл айырмашылықтың негізгі индексі ретінде саяси мәнге ие болады. Әлеуметтік ғылымда этникалық және тілдік бірегейлік отарлау мен ұлт ретінде құрылу процесі кезінде қалыптасқан заманауи саясаттың жемісі ретінде көрініс береді. Бүгінгі заманғы ұлтшылдық пайда болғанға дейін тіл аса маңызды фактор болған жоқ, ол бедел мен билікке тәуелді фактор емес еді.

Мұндай түсінік ең түпкі негізге қарсы, ол бойынша бірегейлік о бастаң қанмен беріледі. Талдауымыз көрсеткендей, әлі күнге дейін әр адам белгілі бір өзгөрмейтін категорияға кіреді (және кіруі тиіс) деп есептей әлі де кең тараған, мысалы, қазақ немесе орыстілді дегендей. Осыған орай бұқаралық ақпарат құралдарында жарық қөретін материалдарда да тіл мен этносқа қатысты қалыптасқан пікір бар, материал жазған уақытта соны естен шығармаған жөн.

Сонымен қатар, электронды ақпарат құралдарының жаңа мүмкіндіктерін есепке алатын болсақ, конструктивті принциптері мен имидж қалыптастыру құралдары, «жасанды әлем» жасайтын мүмкіндігі

бар бұл медиа манипуляцияның құралына айналуы оп-оңай. Қоғамдық пікірге манипуляция жасауға мейлінше жол бермеу бойынша жұмыс істеген дұрыс. Алайда, бұл жұмыс басқаша ойлайтындармен күреске, сөз бостандығын шектеуге ұласып кетпеуі керек.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Бергер П., Лукман Т. (1995). *Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания*. Мәскеу: Медиум.

Плотникова С. (2014). Дискурсивное конструирование как теоретическое понятие. *Известия ВГПУ*, 41-46-66.

Drożdż, M. (2016). Hate Speech in Media Discourse. *Folia Litteraria Polonica* 5(35), pp. 19-30. <http://dx.doi.org/10.18778/1505-9057.35.02>

Fearon, J. and Laitin, D. (2000). Violence and the social construction of ethnic identity. *International Organization*, 54 (4), pp. 845-877. <https://doi.org/10.1162/002081800551398>

Link, J. (1983). *Elementare Literatur und Generative Diskursanalyse*. München: Fink Verlag.

■ АЛМАГУЛ АЛТАЕВА

#### 2017 ЖЫЛҒЫ ПІКІР КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ HATE SPEECH ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Толеранттылық – мұдделер арасындағы келісімнің, өзара түсіністіктің, ымыраға келудің өрісі бола аларлық тұлғаның, әлеуметтік топтың сипаттамасы. Әр субъект үшін толеранттылық ұфымы әрқалай қалыптасқан. Біреу сіздің өзге дін өкілі еkenінізді мойындағанмен, өзге саяси көзқарасты құптастың құқықының болса, саяси көзқарасының қөніл бөлмейді. Бір сөзben айтқанда, әр адамның, әрбір әлеуметтік топтың, әрбір қоғамның төзімді болуында белгілі бір шек бар.

Толеранттылықтың пәндік өрісі діни, саяси, ұлттық, экономикалық, т.б. көзқарастармен сипатталады.

Толеранттылық – теориялық түсінік қана емес, белгілі бір мінез-құлыш мәдениетінің элементі. Мәдениет біздің өмірімізді анықтайтын білімнің, құндылықтар мен нормалардың жиынтығы десек, сол мәдениеттің іргетасын қалайтын тағы бір ұфым – толеранттылық.

Бұғынгі таңда терроризм, ксенофобия, ұлтшылдық, антисемитизм, жік салу, ұлттына, дініне, тіліне қатысты, одан бөлек жұмысшы мигранттарды, иммигранттарды алалау кең өріс алған. Сөз бостандығына қатысты құқығын даулағандарды қүштеу, қорқыту деректерінің бары да жасырын емес. Алайда, интолерантты мінез-құлыштың үлгілері табысты болған жерде толеранттылық туралы айту қызын. Кейде жүргізілген талдаулардың және өмірдің өзі көрсеткендей, біркелкі жағдайға қатысты ұстанымдардың өзі әркелкі болып шығады. Мәселен, біреулер сол жағдайды адамды қорлап, намысына тиіп, өз мақсатына жетудің өзінде төзімділік таныта біледі.

Кейбір әлеуметтік желілердегі этникалық тақырыпта жазылған материалдарды іріктеу барысында олардың көвшілігінде дұшпандық (өшпендейділік) тілінің қолданылғанына көз жеткіздік. «Дұшпандық тілінің» эквиваленті – «тілдік агрессия». Тілдік агрессия – «ренішті сөз айту, жағымсыз көніл-куй, сезім немесе ниеттің сол сөйлеу жағдаятында ерсі, дөрекі, аның тілдік қалыпта білдірілуі» [1]. Тілдік агрессияның екі түрі бар. Бір жағынан тілдік агрессия жағымсыз, теріс эмоция мен сезімді білдіруге қызмет етеді. Тілдік агрессияға тұрткі болатын көніл-куй сезімдеріне ыза, шаптығу, өкпе, көнілтолмаушылық, жеккөрушілік,

айыптау, жақтырмашылық, т.б. жатады. Мұндай агрессия көбінесе сыртқы түртпекке тітіркеніс жауап ретінде көрініс береді. Бұл сипаттағы сөз қайтарудың негізгі қызметі жүйкені ширігудан босаңсыту, теріс көңіл-күйден айыру сияқты психологиялық шынығу болып келеді. Басқа жағынан тілдік агрессия айрықша ниет – адресанттың (сөйлеуші/жазушы) адресатқа коммуникативтік тұрғыдан залал (кемсіту, қорлау, келемеждеу) келтіруге мақсатты бағытталған қалауы немесе өзіндік мұddeлерін (өзін таныстыру, өзін-өзі қорғай) қайсыбір «тыйым салынған» тәсілдермен жүзеге асыру ойы түрінде көрініс беруі мүмкін [2].

Сонымен, тілдік агрессия – сөйлеушінің ашулы қүйінің ықпалымен жүзеге асатын сөйлеудегі мінез-құлық. «Оның мәтінде берілуінің екі түрі бар: алғашқысы адресатты ашулы іс-әрекетке тікелей шақыру болса, екіншісі – адресаттың ашулы қүйін қалыптастыру немесе соны құптау, қуаттау».

Тілдік агрессияның негізгі түрлері мен формаларына қорлау, дұшпандық сын, қоқан-лоққы, дөкір талап, дөрекі бет қайтару, жазғыру, келемеж, шағым, сөз тасу және жала, ұрыс-керіс жатады.

50 | Тілдік агрессияның пайда болуы мен дамуы үш түрлі: әлеуметтік-психологиялық, жалпы мәдени және жеке себептерден туындалап, өрбиді.

Кез келген діни, этникалық және мәдени топтардың басты мақсаттарының бірі – материалдық және рухани өмірін, соған қажет шарттарды дамыту. Өмірге қажет сол шарттар мен ережелерге әлеуметтік кеңістікті қажет ететін тағы бір топтардың қосылуы айрықша жағдаятқа әкеледі. Бұндай жағдаятта адасушылық, қорқыныш туындалап, дұшпандық қалыптасады. Одан кейінгі қадам – сол жағдайға себепкер болған кінәліні іздеу. Оған кінәлі – «өзге» біреу. Ашу-ыза сол «өзгеге» бағытталады. Егер ашу-ыза қарапайым физикалық түрде болмаса, онда тілдік агрессия түрінде шығады. Эдette, тілдік агрессия мына топтарға бағытталатынын байқады:

1. Билік, шенеуніктер, бюрократтар, басшылар, яғни өмірлік ресурстарды тұтынуда қандай да бір женілдікке ие болғандар;
2. Этникалық топтар;
3. Өзге дін өкілдері.

«Өзім-өзге» оппозициясын адамның әр деңгейде байланысу категориялары арқылы ұғуға болады. Бұл категориялар қатары мынандай:

туыстық («өзім» – «өзге туыс»);

этникалық («өзім» – «өзге халық, ұлт»),  
тілдік (ана тілі – өзге тіл, диалект, сейленіс),  
конфессионалды («өзім» – «өзге сенім»),  
әлеуметтік («өзім» – «өзге қоғам, ұжым») [3].

Дүниенің бір бөлшегі бола тұра, біреумен ұшырасу, қақтығысу, өзара әрекет жасауда біз жалғыз емеспіз. Біреу деген – «өзге».

Қазақстанның әлеуметтік желілерінде этникалық тақырыптағы ақпараттың үлес салмағы басым. «БАҚ-та этникалық тақырыпта берілген ақпарат бірде оң әсер беріп жағымды қызмет атқарса, бірде кері әсер беретін жағымсыз қызмет атқарады. Алғашқысында этникалық ақпарат ізгілік, толеранттылық міндет атқарады. Ол адамдардың көңіл көзін ашып, ақпарат береді, оларды ігі істерге бастайды. Бұндай ақпарат оқырмандар бойында басқа ұлтқа деген құрмет пен сүйіспеншілік тудырады. Өз халқың туралы жазылған этникалық ақпарат ұлттық сана-сезімді оятады, өз ұлтыңа деген құрмет пен мақтаныш сезімдерін тудырады. Ондай мақала сынни тұрғыда баяндалуы да мүмкін. Бұл өз кезегінде белгілі бір кемшіліктерді жойып, проблеманы шешуге ықпал етеді. Жалпы, БАҚ арқылы таратылған этникалық толерантты ақпарат ұлтаралық қарым-қатынас саласында дұрыс түсінік қалыптастырады.

Екінші жағдайда кері әсер ететін этникалық ақпарат белгілі бір ұлттың кемшілігін жіпке тізіп, оларға деген жеккөрініш пен үрей сезімін тудырады» [4, 400-6]. Бұндай ақпараттарға нысан болатын – экспрессивті этонимдер, яғни ұлттық лақап атаулар. «Олардың семантикалық құрылымында «халық, халық өкілі» деген денотативті мағына бірге жүреді, сонымен бірге эмотивті-бағалауыш компонент те болады. Сөйлем отырған адамның сол объектіге қатынасы да осылайша білінеді. Мысалы: Иван, бурла – «корыс», фриц, ганс, колбасник – «неміс», жид, жөйт – «еврей» т.б. Экспрессивті этонимдердің бір бөлігі кемсітетін мағынаны білдіреді де, айыптау, қорлау бағытында болады және сол ұлтты немесе оның белгілі бір белгін жек көретінін білдіреді. Мұндай этонимдерді көрсету үшін батыс әдебиетінде «этнофолизм» термині қолданылады» [5, 60 б.]

Біздің тарапымыздан қызығушылық тудырған экспрессивті сөздердің қатарынан *Нәкеңнің Әдөгі, Әдөктің үмметі* деген жаргондарды айта аламыз. «Жаргон» – әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдері аузызекі тілде қолданатын сөздер.

**Нәкеңнің Әдөгі** қымыз берін басқа да қазақтың тағамдары туралы бірдеңе депті :-() (Гитлер о казахах. youtube.com).

Қазақ тілінде жалпы және жалқы есімдерге жалғанып, құрметтеу,

үлкейту я үлғайту тәрізді мәндерді білдіретін -ке (-қа, -еке) жұрнақтары бар. Өзі жалғанатын кейбір сөздердің толық түрлеріне тікелей тіркеспей, соңғы дыбысы я соңғы бір немесе бірнеше буыны түсіріліп барып жалғанады. Бұндай сөздерге тәуелдік жалғаудың екінші жағы жалғанғанда, қолданылу ерекшеліктіне қарай кейде мысқылдан кекету не қомсыну экспрессивтік реңкін үстейді. Мысалы: Имекен тамағын кенеп, көзін алартыңқырап бір қойды (С.Торайғыров) [6, 55, 159-66.]. *Nemis* сөзіне реңк үстегіш жұрнақ жалғасақ – нәке, одан әрі кекету мәнін үстесек – нәкең болып түрленеді. Сол сияқты орыс – орекен; орыстар – орекендер, өрекендер. Әдек атауы Адольф есімінен шыққан: Адольф – Әдеке – Әдек.

«Нәкеңнің Әдөгі» «неміс Адольф» тіркесінен шыққанын түсінген адамға «Әдөктің үмметін» түсіну қын емес. **Әдөктің үмметінің** бір постына Канат Карабалаев деген пайдаланушы: «Гитлердің бір ісін қолдаймын. Ол еврейлердің діңкесін құртқаны. Бірақ бәрін құрта алмады. Ал басқа жерін қолдай алмаймын», – депті.

Үммет, үмбет – «әлеумет, көпшілік» – бір пайғамбардың уағызыдаған жолын ұстанған қауым. Адам баласына Алла тағала тарарапынан елші болып келген пайғамбарларға әрқайсысының өз заманында мойынсұнып, ерген үмметтері болды. Қазақ халқы жалпы мұсылмандар сияқты өздерін «Құдайдың құлы, Мұхаммедтің (ғ.с.) үмбетіміз» деп санайды [7]. Автор Гитлерді қолдап пікір айтқан адамды «фашисті мойынсұнып, соңынан ерген қауымның қатарына» қосып, кекесінмен Әдөктің үмметі деп келемеждеді.

Сондай-ақ, бұл жазбада қандай да бір ұлт өкілдеріне қарсы бағытталған құғын-сүргінді ақтау сияқты ұлттық алауыздық белгісі бар: «Ол **еврейлердің** діңкесін құртқаны. Бірақ бәрін құрта алмады. Ал басқа жерін қолдай алмаймын».

«Өзгені» бағалаудағы басты эмоция – қабыл алмау, шеттету. «Өзім» мен «өзгенің» шегі туралы түсінік өтпелі. Ол әр дәүірде, тұтас тарихи үдерісте өзгеріп отырады. Орта ғасырдың соңына дейін «өзім-өзге» ұғымы әлеуметтік, мәдени және діни сынды тұрақты формаларға ие болған. Өзгенің образы «өзге халық туралы түсінік» болып ой-санада орнықкан. Бара-бара өзгеріп, үдеп, жаудың образына айналады.

XIX ғасырда қуатты интеграциялық күшкө айналған ұлттық идеяда ұлтшылдық идеясына айналған ой бой көрсетті. Мәңгілік әлеуметтік үрэй дүшпандық образын қалыптастырды, ол ұлттық белгіге негізделіп, ұлттық идея бара-бара ашудан ксенофобияны тудырды. Бұның дәлелі ретінде ұлтшыл Германияны айтуда болады. Осылайша «өзім»-«өзге» философиялық немесе тарихи ғана емес, саяси сипат алды.

«Өзгені» қабылдау модельдері уақыт өте келе өзгерді, алайда

дүшпандық түсініктегі «өзгеден» қауіпсіз болуға тырысу, одан бойын аулақ ұстай сынды түсінік өзгерген жоқ.

Толеранттылықта қарама-қарсы ұғым – ксенофобия. Этноәлеуметтану ғылымиында «ксенофобия – діні, салт-дәстүрі, ұлты болек жандардан қорқу, оларды жек көру» деп сипатталады. Мысалы: русофобия – орыстармен жауласу, антисемитизм – еврейлермен өштесу. Ұлттық, нәсілдік, діни алауыздықты анықтайдын белгілердің ішінде өткендегі, қазіргі және келешектегі келеңсіздіктер үшін белгілі бір ұлтты, діни топты кінелау кең тараған.

**Орекендер** біздің бір-бірімізді жамандау, аяқтан тарту сияқты әдеметтеріміз бар екенін жақсы биледі. Жетпіс жыл отар болып отырғанда осы әдемімізді өзімізге қарсы қолданды. Қазақтың осы әдеметтерін жоятын болсақ, бізден мықты ұлт жоқ. Әрқашан қының-қыстау кезеңдерде бір болайық. Әлсіздерге көмек қолын созып, қиналғандардың жанынан табыладайық. Ал ұлтымызға зиянын тигізетін, сатқын адамдарды бірден өлім жазасына кесу керек. Сол кезде туғыры мықты, ешқандай жау ала алмайтын мықты ел боламыз. Әркімнің провокациясына еріп кетпейік, ағайын! (Айгүл Орынбек).

Мысалы, бізге басқа елден біреу келіп, мейлі кім болсын, біраз жүргеннен кейін бәрімізді сынап, атойлап жатса, көсем болсын, періште болсын, «Е-е, мына **келімсекке** не жоқ? Мықты болса өз елінде әкірендесін!» деп іштей қуанып отыратын едік. Україндар да солай (Айдос Сарым). Соңғы сөйлемнен белгілі бір ұлттың екіншісін ұнатпайтыны расталып тұр.

Тағы бір мысал: Ағылшындар: Бізде неге антисемитизм жоқ, себебі біз өзімізді жәһүдтен төмен не санасыз деп санамаймыз, – дейді. Олай болса, қазақ баласы, қайдағы жоқ орыстілдігө **холоп** болғаны арманың осы ма? Ұят емес не? Неге өзімізді төмен санамаймыз? Сұмдық. (Расул Жұмалы).

«Холоп» – жергілікті тұрғындардан құралған құлдар. Холоп өз жерінің тұрғыны болғанына қарамастан, құқықтық тұрғыдан алғанда, құлға жақын [8]. Бұл контексте автор холоп сөзін қазақ ұлтына қатысты қолданған.

**Ватниктерге** ең керегі – өздері қазақ тілінде сөйлемеуі емес, қазақтардың қазақша сөйлеп, ойлап кетпеуі (Расул Жұмалы).

«Ватник» сөзін україндық ұлтшылдар, либералды орыс оппозициясы және орыс халқы мен Ресейге сын көзben қарайтындар қолданады. Ватник сөзі русофобиялық контексте жағымсыз мәнде жұмсалады.

Мына жағдаятты жеткізудің астарынан да қазіргі келеңсіздіктер үшін

белгілі бір ұлттың кінәлауды аңғару қыны емес: 9 мамыр Алматыдағы орыс мектептері үшін ғана тойланады ғой деймін. Бүгіннен бастап бәрі **георгий лентасын** тағыпты! Жалпы әлеуметтік араздықты қоздыратыны үшін осы құнді мемлекеттік мейрамдар санатынан алып тастау керек деп есептеймін! (Тоқтар Жақаш. Өмір Шыныбекұлының парасынан).

**Өзім үшін жағымды үрдіс:** Таяуда өткен Олжас Сүлейменовтің 80 жылдығына арналған мақтау-маралаттау тек орыстілді баспасөзде шықты. **Ресейшіл, Кеңес одағының аңсауши ақынның мерейжасына арналған бір де бір мақала, бір де бір сұхбат қазақтілді баспасөзде шықлады.** Меніңше, бұл ұлттық сана-сезімнің, халықтың намыстың оянып келе жатқанын анық көрсетеді (Расул Жұмалы).

Мына жағдаятта бір ұлттың өзгелерге қарсы бағытталған жоспары туралы айтылады: «Әлгі, атыңдан айналайын, Кішібұра қыстағында З мыңдан астам жан саны, 800-ге тарта отбасы бар екен. Оның 80 пайызға жуығы – қазақ, 13 пайызы – үйғыр, 11 пайызы – қытай. Қызын қазақ салтымен ұзатып жатқан қытай бала жастан солауылда өскен, қазақпен араласып, салт-дәстүрін ардақтан дегендей, ынтымағы жарасқан ауылдастары. Бір қарасаң, бәрі тамаша, көңілге қонымы. Осы жерде «бірақ»-ты қайта айтуда тұра келеді. «Бақсақ, бақа екен» демекіші, байқап қарасақ, бұның астары әріде екен. Иә, бұндай астары әріден созылатын әңгімелердің көп екені бұрыннан белгілі ғой. **Әлгі «қазақшыл» қытай тойды бекер қазақ ағайынның салтымен жасамапты. «Ұлттар ынтымағының берекелі шаңырағы» дейтін үкімет жағынан жоспарланған арнайы науқан шараның аясында жасапты»** (Өмір Шыныбекұлы).

Бұл үзінділерде автор қазақтың ендігі жауын қытайдан іздей бастайды: Астанада атақты әртіс Джеки Чанның жүргенін ойласаң ішін жылиды. **Чанның түбі қытай екенін ойласаң ішін мұздайды** (Өмір Шыныбекұлы).

«5000 қытай азаматты Қазақстан азаматтығын алды» деген 2013 жылғы ақпарат. Олардың қалай көбейеттінін ескерсек... **Айтудың өзі қорқынышты** (Өмір Шыныбекұлы).

«Димаш» жобасының мақсаты – **қазақ пен қытай мәдениетін жақындастыру** (Өмір Шыныбекұлы).

Ұлттық намыс пен ар-ожданы қорлау намысқа тиуге бағытталған тұрпайы әрекеттерден тұрады. Бұл әрекеттер ұлттың қасиетті саналатын дүниелерін, тарихын, өмір салтын кемсіту мақсатында жасалады (тұрпайы тіл, ым, мемменсу) [4, 406-6.]. Көз жүгіртейік: **Кейлек-дамбалын тастамаітын бір көрші елдің қызы-келіншектерін** қазақ қызы-келіншектерінен артық деп мақтап отырғандарға. Қөнеке

топырақ шашуға болмайды, әрине. Бірақ сол көпшілігінде **солар киген дамбалдың ышқыры болстау болады** (Мұхтар Тайжан).

Көп жағдайда ұлт туралы теріс пікір этникалық стереотиптер арқылы қалыптасады. Қоғамда белгілі бір халыққа не оның мәдениетіне тән жалпыланған қасиеттерді танытушы этномәдени стереотиптер қалыптаскан. Стереотиптердің қалыптасуына түрткі болған мәдениаралық және ұлтаралық контактілер бар.

Мәдениаралық коммуникацияға кедергі болар себептерінің бірі стереотиптің жартылай шындыққа, лақапқа негізделуімен байланысты. Бұндайда стереотип шындықты бүрмалайды, мәдениаралық контактіні жүзеге асыруши адамдар жайлы түсінікті дәл жеткізбейді. «Мына өзбектер Каримовпен салыстырып Мирзиёевті мақтап жатыр. Құдай біледі, кезінде осылардың аке-шешесі Рашидовпен салыстырып Каримовты мақтап еді». Жағымсыз эмоциямен бағаланған бұл ақпаратта өзбек ұлттына қатысты теріс түсінік қалыптастыру бар.

Жағымсыз бағаланған келесі үзіндіден де теріс түсінік, Атамбаевтың сайлауға қатысты әрекеті үшін тұтас қырғыз халқын жазғыру байқалады. «Ресей Қырғызстанның мемлекеттік қарызын кешіргенін естіген Атамбаев қырғыздардың туби Ресейліктерден шықсан деп салыпты.

**Енесайлық ресейлік екені есіне түсін :-)** (Мұхтар Тайжан).

Стереотиптердің қалыптасуы мен қызмет етуінде эмоцияның алатын орны бөлек. Сондықтан стереотипке не жағымды баға, не жағымсыз баға беріледі, ол құбыльстың не адам мінез-құлқының әртүрлі қабылдануымен байланысты.

Шетелдік мигранттар проблемасы да этнос мәселесіндегі өткір тақырып. 2017 жылы Астанадағы Әбу-Даби Плазада қазақтар мен үнділердің арасында болған келенсіз жайға байланысты әлеуметтік желілер шу көтерді. Сондай жазбалардың бірінен үзінді келтірейік:

**ҚР депутаттарынан талап етемін!** Шет елдің компанияларына өзіміздің талаптарымызды қоятын үақыт келді. Шет елден келетін азаматтарға қатаң заң сұраймын! Елімізге келіп жұмыс істейтін **келімсектерге** заңдан бөлек үлкен салық салуды талап етемін! Сол кезде ғана қазақ азаматтарының құқығы қорғалып, әлеуметтік жағдайы түзеледі! Шет елден келіп жұмыс істейтін шет ел азаматтарына квота тоқтатылсын! (Айгүл Орынбек).

Ұлттық ар-ождан атрибутарының ішінде оның тілі ерекше қорғалады. Әбу-Даби Плаза қақтығысының нәтижесін күткен желі қолданушыларының бірі Айгүл Орынбек:

«Құрылып жатқан комиссияға қоғам белсенділерін қосындар, оу, билік! **Қазақ тілін білетін болсын комиссия мүшелері!** Себебі

**қақтығыста болғандар – кілең қазақтілді Шымкенттің жігіттері!** Жігіттердің сөздерін түсінбей, бұрмалап жіберсеңдер, аяғы «Көшпенділер» атты ужас киносына айналып кетуі мүмкін. Үнділермен қоса біразыңа көшип кетуге тұра келеді. Кеше қүзетші жігіттермен сөйлесіп тұрғанда, бір машина келіп тоқтады. Қолдаушылар келіп жатыр деп жігіттер қуанып кетті. Ішінде қабақтай-қабақтай қазақ жігіттері отыр екен. Қолдарында сыралары бар. «Пацаны, как дела? Убейте их всех как баранов!» деп ауыздарын ашып сөйлеп жатыр еді. Қасымдағы оқиғаны айтып беріп тұрған жігіт: «Кем, ей, **шошқа!** Орыс тілін түсінбеймін, онсыз да қаным қайнап тұр», – демесі бар ма!

Қаны қайнап тұрған жігіттермен өз тілінде сөйлесіңдер, оу, Ұлы мәртебелі биліктегілер! Аяқ жағы **«ты – шошқа, мен – баран»** болып жүрмесін!» – деп жазған.

Байқап отырғанымыздай, қақтығыстан туған әңгіме алдымен басты атрибут – тілге, одан соң ұлтқа қарсы теріс пікір қалыптастыруға қарай ойысады. Оны айқындал тұрған – шошқа, баран сынды зоосемантикалық метафоралар. Зоосемантикалық метафоралар жануар атауларына сүйеніп, адам бойындағы жағымсыз қасиеттерге басымдық береді: ластық немесе жақсылықты білмеу (шошқа), жуастық немесе надандық (қой), ақымақтық (есек), икемсіздік (сивір), т.б. Зоосемантикалық метафораларды қолдану арқылы адресант адресатқа жағымсыз баға беріп, жақтырмая, табалау, жиіркену секілді дәрекі экспрессивті мағынаны білдіреді.

Сөйлеу актілерінің теориясын зерттейтін прагматика ғылымында адресант айтылымынды бұған дейінгі айтылымынмен, адресаттың ақпараттық деңгейімен, өзінің және тыңдаушының (оқырманнның) психологиялық күйімен тығыз байланыста қарайды. Айтылымынның пропозициясы оның нақты семантикасы болып табылады. Прагматика тілдік таңбалар мен адресанттың, адресаттың арасындағы қатынасты анықтайды. Не үшін сөйлеп тұр, адресант бұны не үшін айтты, бұнымен не дегісі келеді деген сұрақтарға жауап береді.

Көшілік оқырманға ықпал етудегі автордың тілдік тактикасы ойдың желісін халықтың менталдық ерекшеліктеріне, жалпы білімі мен ықыласына, көзқарасы мен пікіріне, психологиялық жағдайына, мінез-құлқына сәйкес үйімдастыруға бағытталады. Бұл тұрғыдағы сюжеттер көшілік жағдайда мақаланың жазылуына тұрткі болып отырған негізгі жағдаятқа тікелей қатысы жоқ және шындықта сәйкестігін тексеруге келмейтін дерексіз баяндауларға құрылады [5, 30-6]. «Ақсақ қой түстен кейін маңырайды! Оқиға болған күні жылы төсекте **төменін тыр-тыр қасып үйиқтап жатқан депутат Божко** бүгін оянып

не деп маңыраған?» (Айгүл Орынбек). Оқиғаға қатыспаған депутаттың оқиға болған күні не істегенінен бейхабар болса да, автор бұл дерексіз баяндауда осы үзінді қатысты болып отырған субъектінің (депутаттың) кісі ретіндегі тұлғасын төмендету ниетін жүзеге асыру үшін қазақ мақалын әдейі қолданып отыр.

Субъектіге қатысты жеккөрушілік сезімі мен ашуын барынша экспрессивті жеткізу мақсатында адресант «*төтенді тыр-тыр қасып*» тұрпайы лексикасын жұмысашаған. *Көтен* (*төтен* – варианты) дәрекі сөздер қатарынан тұрпайы лексикаға топтастырылады. Тұрпайы сөздер шектеулі жағдаяттарда қолданысқа ие бейнормативті лексикаға жатады. Бейнормативті лексика – БАҚ-та, сондай-ақ қоғам тарапынан көпшілікте қолданысы мақұлданбайтын, тіл нормасынан тыс жатқан сөздер.

Автор одан әрі субъектінің тұлғасына байланысты оқырманнның көзқарасына ықпал етуде риторикалық сөйлемдерге сүйенеді. Оқиғы: «Ауылдың жастары бармаса, осы уақытта Астана болар ма еді? Елбасымыздың саясаты емес не еді жастарды солтустікке көшіру? Сонда Болжо елбасы саясатына қарсы шығып тұр ма? Өзге ұлттың **келімсектері** сыйған Астанаға қара құлдан бетер жұмыс істеп жүрген ауыл жастары сыймай қалып па? Сол қақтығысты әрен басқан жоқпыш ба? Неге енді жабық тұрған жараның аузын тырнап жатыр? Әлде ашуы басылмаған жастардың намысына тиіп, елде бүлік шығармақшы ма?»

Жалпы, сөйлеу актілерінің теориясы бойынша, риторикалық сұраулы сөйлем оқырманнның баяндалып отырған жағдаятқа назарын аудартумен қатар, автордың оқырманды өз идеясына ортақтастыруға ықпал ету мақсатында қолданатын тәсілдерінің бірі [6, 31-б.]. Ілгеріде келтірілген риторикалық сөйлемдер сұраққа жауап іздеу мақсатымен емес, айтпақ ойын оқырманға аңдатумен байланысты жұмысалған. Автор осылайша субъект туралы өзінің жағымсыз бағасына оқырмандардың да қосылғанын, өзінің ниетін құптағанын қалайды.

Біздің көпэтникалық елімізде бейбітшілік пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік үлгіде мойындалған. Соған қарамастан бүгінгі заманда әртүрлі діни экстремистік топтардың белен алуды қоғамның болашағына кери әсерін тигізуде, тіпті қауіп төндіруде. **«Шалдардың шолтитып шалбар кигенін қайдан көрдіңіздер? Сақалын беліне түсіріп жүру мұсылмандықтың белгісі емес қой.** Ол Құраннның қай жерінде жазылыпты? Мұнда тұрған қандай ерекшелік бар? Оған кім қызығады? Ол біздікі емес. **Ол салтымызды бұзады!»** (Президент шолақ шалбар мен қара күімнің қазаққа жат екенін алға тартты) | Казақ тіліндегі бет. nur.kz).

Әлеуметтік желіде осы жағдайға қатысты аландаушылық байқалады. «Қырғыздың екі төңкерісінің басты қозғауыш күші ауылдан да, қаладан да өзін-өзі таба алмаған маргиналдар болғаны белгілі. Азырақ зерттеу жүргізіп көрген адам **дін таратып жүрген жастардың дені ауыл базарларында сауда істейтініне** көздері жетер еді. Студент жастар ең болмағанда ректорат, деканаттардың назарында. Ал базар мен құлбазардағы жастар кімнің назарында?» (Айгүл Орынбек).

Ұрпақты жат ағымдардың ықпалынан құлағдар ететін бұндағы пікірлердің жаңы бар. Алайда, кей мәліметтің ақ-қарасын анықтау қынын. Билік өкілдеріне қарата айтылған Айгүл Орынбектің мына посында Мұхамеджан Тазабековті ұлттық арнада діни бағдарлама жүргізу жауапкершілігінен аластату талап етілген: «Енді жетпегені осы еді. Кеше ғана атышулы террористің постын бөлісіп отырған Мұхамеджан ағамды ұлттық арнада жаңа ашылып жатқан діни бағдарламаға жүргізуі қылмақшы екен. Бұл рас ақпарат па? Ұлттық арна басшысы Ерлан Карин аға, сізге сұрақ! ҰҚҚ, Дін министрлігі, не қарап отырысіздар? **Әлде Тазабековтің кім екенін білмейсіздер ме? Ол қазір өзінің ханафит екенін айтып, халықты алдаң отыр.** «Асыл арнада» салафи уағызышысы Дағын Мұбаровтың Мұхамеджанмен бірге отырған видеосы ютубта тұр... Осында **салафиттігі бетіне шығып тұрған атышулы адамды билік қалайша ұлттық арнаға діни бағдарлама жүргізуге шығарғалы отыр?** Ол ендігі жерде бағдарлама арқылы өзіне ұпай жинауға тырысады. Ұлт, дәстүр, анау-мынау деп дәстүрлі дініміздің жана шыныры болып көрінеді. Ал жастар оған сенеді. Сосын Мұхамеджандікі дұрыс екен деп артынан ере береді. Бұлай салафилікпен күресіп жарытпаспзы. Обицыйм, **қасқырға қой бақтырғалы отырмыз**» (Айгүл Орынбек).

Әңгіміе одан әрі соларға қоқан-лоққы көрсетуuge үгіттеумен жалғасады. «Ақпарат министрі Дәурен Абаевтан экранды тазалауды сұраған едім. Осындағы біраз халық қолдаса, бір-екеуі «сен кімсің министрge қарсы шығатын?» деп тоңқып отырған көрінеді. Айналайындар-ау, Дәурен ағам министрден бұрын қазақтың баласы. Қарындасты ретінде экранды тазалаудың сұрадым. Ұлттық мұддесің үшін экранды тазалауын ашық сұрағанымды қате деп санамаймын. Мен телевидение жайлы, ұлттың идеологиясын көтеру жайлы үнемі жазып жүремін. Осы мәселені көтергелі біраз былықтың да беті ашылып жатыр. Қасіби журналистер не үшін экран бетінде шыға алмай жүр деп ойласам, Ринат Кертаев пен Бибігүл Дәүлебекқызының пікірталасын оқып, «бұл жаққа да **салафиттердің дәурені жүріп тұр-ау**» деп қалдым. Көптеген мемлекеттің қаржысы бөлінегін жерде бұлардың жүрмеуі мүмкін емес. **Қасіби журналистер, қайдасыздар? Өз нандарыңызды салафиттерге, әнши, күйші, биши, порноактрисаларға беріп**

**отыра бересіздер ме? Айтсаңыздарды экран былықтарын!**» (Айгүл Орынбек).

Келесі ақпараттан жағымсыз баға және православие дініне қатысты теріс түсінік қалыптастырығысы келетін пікір қылаң береді:

**«Қазақтар осылай шықса, апарып қамап тастар еді...**

Петропавлда жүздеген православ крест шеруін өткізді. Петропавл қаласында христиан әулиелері Петр мен Павелді еске алу құніне орай «Крест шеруі» өтті. Шеруге қатысуышы православтар әулиелердің соборынан бастап қала көшелерін жүріп өтті» (azattyq.org).

Сондай-ақ, діни тақырыпқа «басы ауырып, балтыры сыздаған» қауымның жанайқайы Жамбыл Артықбаевтың парақшасындағы **«Нұргұлдің намазы Назгұлдің ғамажындаі»** деген жазбадан да туындаиды. Жазбаға пікір қалдыруыш автор «Бір-бірімен намазды дұрыс оқымады деп қырқысып жататын отбасыларды білемін. Алақандай ауылымның шағын ғана мешітінде жұма сайын кикілжін», – деп қынжылған.

Оқырманды өзіне жақындана тұсу үшін автор біруақыт ел арасына кеңінен таралған анекdot енгізіп отырады. «Бір қыз ата-анасын жігітімен таныстырып жатыр дейді: – Бұл – менің жігітім. Өзі темекі шекпейді, арақ ішпейді, қыздарға қырындармайды, музыка тыңдармайды, спортқа қызықпайды...

– Қызым! Мынауың жынды ма, әлде **салафит ne?**» (Айдос Сарым).

Мұндағы мақсаты адресант мәтінде ойын үнемі өшпенділікпен жеткізбей, ара-тұра адресатпен «таразының бір басында» отырып, діни ағымдарды бірлесе сынап, мінейді.

Әтникалық стереотиптер автостереотиптер және гетеростереотиптер деп бөлінетіні белгілі. Біріншілері – сол этносқа жататын адамдардың өзіне қатысты білдірген пікірін, пайымдауын, баға беруін көрсетеді. Әдтете өзіне берген бағалау жиынтығы жағымды болып келеді (теріс автостереотиптер – сирек кездесетін құбылыс). Гетеростереотиптер – басқа халықтарға баға беретін пайымдаулар; сол халықтардың қарым-қатынастарының тарихи тәжірибесіне байланысты олар жағымды да, жағымсыз да болуы мүмкін. Автостереотиптерге қарағанда гетеростереотиптер көбіне сынни тұрғыда болады деген көзқарас қалыптасқан. Этномәдени стереотиптердің қасиеттеріне қатысты баға беру шарттары да жиі өзгеріп тұрады. Ол ұлтаралық және мемлекетаралық қатынастардағы жағдайдың өзгеріп тұруымен тікелей байланысты. Этномәдени стереотиптер мазмұнының адекваттығы, расында, өте проблемалық мәселе [5, 5 6.]. «Қарғыс пен боктаудың көкесін 1981 ж. Жызақтың шетіндегі бір ескі қышлақта практикада

болғанда естідім. Мәхалляның биік әулілерінің ар жағынан шыққан «**Аузынан қара қан келсін!**» деген әйел дауыстарын, «**Өнәңниң \*\*\* шәекнинг \*\*\*!**» деп айғайлаған ерек дауыстарын естігенде денем түршігетін» (Мұхтар Тайжан).

Келтірілген үзіндіде боқтық лексиканы қолданып сөйлеу өзбек халқының сөйлеу ерекшелігіне қатысты айтылған. Көріп отырғанымыздай, гетостереотип жағымсыз мәнде берілген.

Бейнормативті лексика өз құрамында үш топты қамтиды: тұрпайы, бағағат және боқтық лексика. Боқтық лексика – тілдік және қоғамдық сананың даму кезеңіне сәйкес кез келген қарым-қатынас жағдаятында, көпшілік қоғамдық орындарда ауызша я жазбаша формаларда болсын, халық тарапынан қолданылуына тыйым салынатын мейлінше экспрессивті сөздер. Қазіргі қазақ тілінде де, сондай-ақ, орыс тілінде де боқтық лексикаға мына түрдегі сөздер жатқызылады: ер адамның жыныс мүшесінің атауы, әйел адамның жыныс мүшесінің атауы, жыныстық қатынас атауы, әйелдің азғындық қылышының атауы, сондай-ақ, осы сөздермен түбірлес, туынды сөздер [6, 37-6.].

Қарғыс сөздер мен боқтық сөздер бір емес. Сөйлеу тілінің лексикасы лексика-семантикалық, экспрессивтік-стилистикалық сипаты жағынан өз ішінде бірыңғай емес. Сондықтан іштей мынадай топтарға бөлінеді: 1) тұрмыстық-қарапайым лексика; 2) варваризмдер; 3) ауызша әдеби сөйлеу лексикасы. Тұрмыстық-қарапайым сөздердің ішінде қарғыс-алғыс мәнді сөздер көп кездеседі. Мысалы, қарғыс мәнді: адыра қалғыр, көзің шықсын, атаңа нәлет, атың өшкір т.б. [9, 161-6.]. Қазақтың сөйлеу тілінің лексикасына тән қарғыс мәнді сөздерді келтіру арқылы «Оны ауылдың кемпірлері көп жағдайда біреуді қарғау үшін емес, сөздерін байланыстыру үшін айтатын» деуінің астарынан автордың өз халқының сөйлеу ерекшелігіне берген жағымды пікірін ұғынамыз. «Жүйелі сөз жүйесін табады. Жүйесіз сөз иесін табады» дегенді құлаққа құйып өскен есі бар қазақ қарғысты абаилап айтқан. Ауылда өстік. Сондықтан жаңым нәзік деп айта алмаймын. Қазақтың қарғыс сөздерінен **«Қаранғағыр, шешек!»** дегенін естімеген ауыл баласы жоқ шығар?! «Оны ауылдың кемпірлері көп жағдайда біреуді қарғау үшін емес, сөздерін байланыстыру үшін айтатын» (Мұхтар Тайжан). Бұл – автостереотиптердің бағалау жиынтығы жағымды болып келуінің көрінісі.

«Сатыбалды Нарымбетов ағамыздың бір айтқаны бар екен: «Менде екі машинка болды: бірі қазақша басатын, екіншісі орысша басатын. Сұрақ белгілері жоқ еді, түсін қалған. Бір жолы Асқар Сүлейменов менен машинка сұраған. «Сұрақ белгісі түсін қалған» дедім. Сонда Асекен: **«Қазаққа сұрау белгісі неме керек? Қазақ леп белгісімен**

**өмір сүреді»** дегені бар. Рас қой! **Я қайран қаламыз, я мақтаймыз, я жау қылып, дамттаймыз, я құп, ләббай деп, алды-артымызыға қарамай шабамыз...** Барі леп белгісі арқылы. Тіпті бір емес, үшеуін қатар сарт еткіземіз... Ел боламыз, дамимыз, сананы өзгертеміз десек, алдағы бес жылға леп белгісіне лингвистикалық-логикалық мораторий жариялау қажет. Есесіне қасиетті пернетақтаның әр бұрышына бір-бірден сұрақ белгісінің шүріппесін қадап қою қажет. Эрбір айтқан-жазғанымыздың соңына сұрақ белгісін қойып, кемі өзіміз ойланып отырсақ қой» (Айdos Сарым).

Автостереотип жағымды эмоциямен баяндалып, соңы сынмен аяқталған. Адресанттың ойын жеткізудегі тағы бір ерекшелігі мынада: мәтіндегі I жақ көпшілік түрдегі сөйлемдердің қызыметінде жекеше түріне қарағанда көп ерекшелік бар. I жақ көпшілік түрдегі етістіктің жағтық көрсеткіші тек адресант бейнесін ғана емес, өзге де субъектілер бейнесін жинақтап береді. Яғни, автор өзін және өз ойындағы оқырманды бір қатарға қойып әңгімелейді, теңестіреді. Осылайша оқырманмен арада жайма-шуақ достық атмосфера қалыптастыруды мақсат еткен. Автор позициясы оқырманнан тыс, бөлек емес. Аудиторияның ішінде еніп кеткен, көптің атынан сөйлейтін өкіл деуге болады. Бұнда дұшпандық тілі жоқ, керісінше, адресант пен адресат пікірлестер, серікtestер ретінде танылады.

Тағы бір үзіндісінде автор оқырманды өзінен жақындағы түсү үшін ойын қалжын түрінде жеткізеді. «Осы біз бекер дүрлігін жүрген жоқыпз ба? **«Шала қазахи»** дегендег орысша **«шалдың қазақтары»** деген сөз емес не екен?» (Айdos Сарым). Бұл автостереотипте шала қазақтарға «өзге» емес, «өзімдік» деген жағымды баға беру тән болып тұр.

Келесі үзіндіде, керісінше, автостереотипке сын тағу, мысқылдау басым. «Әрбір **орысқұл** Қайрат екеуміз орысша сөйлегендей қазақша сөйлеп алсын!» (Мұхтар Тайжан) («Қайрат Нұртас орысша сөйлей алмай қалды» деген ақпаратқа орай айтЫлған жауап – А.А.К.).

«Дос-жаран, ағайын-туысқа 16 қыз алып қаштым (Өз келісімімен). Ең қызығы хиджаб киген қызды алып қашуымыз болды. Машинаға өзі отырды. Біраз жер жүрген соң мұрны пысылдарап, ақырын жылаған дауыс естілді. Бетін жуған көз жасын көрмеген соң, әсер етпейді екен. Сарыагаштан Арысқа жеткенше түрі қандай екен деген ой тыныштық бермеді. :-) – дейді бір інішек». Алып қашуға өз келісімін берген қалыңдыққа берген бағасы, әрине, автордың ішкі мәдениетінің төмөндігінен хабар береді. Оны мына жолдардан тануға болады: **«Бетін жуған көз жасын көрмеген соң, әсер етпейді екен. Сарыагаштан Арысқа жеткенше түрі қандай екен деген ой тыныштық бермеді»** (Мұхтар Тайжан).

«Бексұлттан Нұржекеұлы: - Мына түрлеріңмен бүкіл қазақ даласын кесене мен ескерткішке толтырарсыңдар! – деп, өз туған ауданы шақырған жыныға барудан бас тарттым дегенін өз құлағыммен естігем. Кеше сол ойдың жалғасын шетелде оқып жүрген бір інімнен естідім. – Құнтізбеде 21-ғасыр екеніне қарамай, қазақтар еңбегі болсын-болмасын, атапарына ескерткіш қоюға құмар... Сондайлардың әгосын қанағаттандыру үшін, әр қала немесе елді мекенің орталық алаңына жалғыз ғана Ұлы мүшениң мүсінін орнатып қою керек» (Мұхтар Тайжан).

Сөздің ұғымы дөрекілеу, қолайсыз, көнілге тиетіндей болып келген жағдайда тілде бір сөз бір сөзben алмастырыла береді. Мұндай жағдайда мағынасы түрпайы сөздің орнына сол ұғымды жұмсағып, жеңілдетіп жеткізетін сырпайы, жұмсақ сөздер айттылады. Мұндай құбылыс тіл білімінде эвфемизм деп аталынады. Келтірілген контексте мағынасы жағымсыз боқтық сөз ұлы мүше деген эвфемизммен жеткізіліп тұр. Егер осы қолданысты жоғарыда талданып өткен Айгүл Орынбектің депутат Божкоға қатысты қолданған төтеннін тыр-тыр қасып үйіктап жатқан тіркесімен салыстырсақ, төтен (көтен – варианты) түрпайы лексикаға, ұлы мүше эвфемизмге жатады. Гетеростереотиптер басқа халықтарға беретін пайымдаулар болғандықтан, ондағы түрпайы сөз ашық қолданылып, жиіркеніш тудырып тұр. Автостереотиптер қазақтардың өзіне қатысты пікірін білдіргендіктен, екінші үзіндіде адресант эвфемизмге жүгінген.

Мына жазба қазақ қоғамындағы тағы бір әлеуметтік проблемаға арналған. «Оу, қос қатындық қатар ұстап отырған тоқалы бар қазақтар! «Екі қатынның балалары екі рұлы елмен тең» деген сөз бар. Атам қазақтың «Күндестің күлі де күндес» дегеніне қарағанда екі қатынның төккен күлдері де бір жерге қатар түспейтін секілді. Ерінің бұрынғы әйелінің балаларына өз балаларын қарсы қойып отырған қатындарды білемін. Тағдыр жазып 2 некелі болсаңыздар, балаларыңыздың басын қалай біріктіріп жүрсіздер? Әке біреу болғанмен, шешелері бөлек болған балалар әкелерін қалай бөлісіп жүр екен?» (Мұхтар Тайжан).

Адресант бұл тақырыпқа қатысты жағымсыз эмоциясын халық түсінігіне мықтап бекіген екі мақалға сүйене отырып жеткізген. Әрі оқырманға ой тастап, қызу пікіртласқа шақырады. Шетелдік азаматқа тиоді тәуір санайтындарға қаратса айттыған осымен үндес мына үзінді де – соңғы жылдары белең алған әлеуметтік мәселе: Қуандық Шамахай: «Монголиядан жаппай қызы шығу басталғанда, қытайға тиғен монгол қатындар не бай жоқ, не бала жоқ, ұлып, жүртта қалды».

Теріс автостереотиптер сирек кездесетін құбылыс дегенмен, ішінара кездеседі. Бұлар көбіне қазақ арасында жиі ұшырасатын рушылдық, жершілдіктен туындастықты сөз етеді.

Көсемәлі Сәттібайұлы. «Әй, ШЫМКЕНТИМ-АЙ, ШЫМКЕНТИМ, ҚАЙТЕЙІН!»

«Серке» сайтынан оқыдым. «Түрксоғы» ұйымы Түркістанда алқалы жынын өткізіп, қазақ руханиятты мен мәдениетіне, әдебиетіне қолтаңбасын қалдырығандар мен қалдырығысы келіп жүргендерді шақырыпты. Бірақ осы ұбақ-шұбақ шабыт иелерінің ішінде шашасына шаң жұқтырмадан тұлпардай арқалы ақын Ақмарал Леубаевың болмауы біртүрлі екен. Соған Таразда жатып ойланам ғой. «Бұған «Түрксоғы» кінәлі емес шығар» деп. «Ана ақынның келуіне болады, ал анауынды атама, оған есігіміз тарс жабық» демеген шығар деп. **«Бәрі Ақмаралмен бақталастардың, иә, айтары бар ақ кербез ақынмен әу бастан басараздықтары барлардың істеп жүрген қиямпұрыстықтары шығар-ау»** деп. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ». Сөзі де, өзі де асыл ақын қызыды біресе айтысқа қатыстырмай, біресе алқалы жыныға шақырмай, жанына жара салды-ау әбден» деп. Менің ең жақсы көретін Шымкент деген қаламдағы ең жақсы көретін кейбіреулерім ғой істеп отырған. Ақмаралдай ақын, Ақмаралдай талантты ақын, Ақмаралдай сезім деген селге күнде малтығып, күнде тұншығып жүрген ақын, мейірімге шөлдеп, ықыласқа ынтығып жүрген ақын Қазақ деген жүрттағы қамалы биік сөз өнерін қадірлейтін ЕҢ ЖАҚСЫ ХАЛҚЫ барда шетте қалмайды.

**Әй, Шымкентім-ай, Шымкентім, қайтейін!»**

Бұдан әрі талданатын автостереотипте кекесін, мысқыл, әжуалау басым. Оқыық: «Кеше бір жергілікті тарихиы оқып шықшы деп бір қолжазбасын тастап кетіп еді. Соны қазір оқып біттім. **«Әркім өз атасын тықыыштай берсе, жонғарды Орбұлақтың сайында күтіп алған қазақтардың саны 600-ден асып кетеді-ау деп қорқып отырмын :-»**» (Мұхтар Тайжан).

Стереотиптің қалыптасу механизміне көз жібере отырып, олардың қоғамға ықпал ету себептерін былайша бөліп көрсетеміз:

- Көптеген адамдар үшін БАҚ беделді пікірдің бастауы болып саналады, оған сын көзben қарамайды. Бұл индивидтің өз пікірін қалыптастыруға білімінің жеткіліксіз болуымен байланысты.
- Ақпарат көзінің мәртебесі де ерекше маңызды. Танымал саясаткер не қоғам қайраткері жүргізген ақпараттың ықпалы қашанда тиімді нәтижеге қол жеткізеді. Ақпарат көзінің беделі неғұрлым жоғары болса, аудиторияның да сол ақпаратқа сенімі күшті болады. Кейір

индивидтер сыни көзбен қараса да, ақпарат санаға орнығып үлгереді.

- Адам шешім қабылдауда екіншідей күй танытса, соңғы шешімі қандай да бір беделді адамның не басылымның шешімімен байланысты болады. Бұндайда адамда ішкі қайышылық тумайды, керісінше, өзін шешім қабылдау жауапкершілігінен босатады. Шешімнің нәтижесінде адам өз ісіне сыни баға да бермейді, оның нәтижесі үшін де алаңдамайды. Бәрі дұрыс, әділ, өйткені ол беделдің айтуымен әрекет жасады. Бұл жағдайда БАҚ-тың ықпалы көвшілік гипнозға үқсайды.

2017 жылғы мамыр-қазан айлары бойынша жүргізілген мониторингтің қазақ тіліндегі материалдар тобында мына көшбасшылардың пікірлері негізге алынды: Айдос Сарым, Расул Жұмалы, Айгүл Орынбек, Мұхтар Тайжан, Өмір Шыныбекұлы. Назарға алғанымыз – ұлттық және діни тақырыптарда мәселе қозғаған жазбалардан дұшпандық (өшпенделік) тілдің көрініс беруі, олардың тілдік ерекшеліктері.

Мониторинг қорытындысы бойынша, пікір көшбасшыларының діни тақырыпқа қарағанда ұлттық тақырыпқа қалам тербереген жазбалары басым түсті. Бұл мәтіндерден ұлттық, нәсілдік және діни алауыздықты анықтайдын негізгі белгілер мыналар (жақшада пікір көшбасшысын *көрсеттік* – А.А.К.):

- бір этносқа, нәсілге қатысты теріс пікір қалыптастыру (Расул Жұмалы);
- өткендегі, қазіргі және келешектегі келенсіздіктер үшін белгілі бір ұлтты, діни топты кінелау (Расул Жұмалы, Мұхтар Тайжан);
- жекелеген адамдардың әрекеті үшін тұтас бір ұлтқа кінә тағып, сол үшін жауапкершілікті этникалық, діни топқа жіктеу (Мұхтар Тайжан);
- бір ұлттың немесе діни топтың өзгелерге қарсы бағытталған құпия жоспарлары туралы айту (Өмір Шыныбекұлы);
- белгілі бір ұлттың немесе дін өкілдерін қызметтеп аластауды талап ету (Айгүл Орынбек).

Жақшада аталған көшбасшылар қатарында Айдос Сарымның есімін атамаған себебіміз оның тілдік ерекшелігінде. А.Сарымның ойын жеткізуінде әзіл-қалжың және бағалауыш мәнді сөздер жиі ұшырасты.

Тілдік ерекшелік түрфісінан қарағанда талданған мәтіндерде боқтық лексика, тұрпайы лексика, тұрмыстық-қарапайым лексика, эвфемизмдер, жаргондар, зоосемантикалық метафоралар жиі кездесті. Барлық мәтінде бағалауыш мән қоса жүктелген әрі жағымсыз бояу басым түсті.

Автостереотиптер негізінен қазақ халқының салт-дәстүрімен, ділімен, тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен, қазіргі әлеуметтік жағдайымен байланысты тақырыптарды қамтиды. Атап айтқанда, рушылдық, жершілдікten туатын алауыздық, өңірлерде жаппай ескерткіштер қоюдың белең алуы, тоқал алу, қазақ қыздарының қытай жігітіне тұрмысқа шығуы, қызы алып қашу және қазақы мінез.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Щербинина Ю.В. Русский язык: Речевая агрессия и пути ее преодоления. – М., 2004.
2. Қорлау және жала жабу: сарапшының көзқарасы. – Алматы: «Әділ сөз», 2013. – 152-6.
3. Виноградова Л.Н. Народная демоноология и мифо-ритуальная традиция славян. – М., 2000.
4. Қазақстан журналистерінің тәжірибесінен. – Алматы, 2008.
5. Қарымсақова Р. Ұлттықта қатысты лақап аттың дау тудыру қаупі // Қорлау және жала жабу: сарапшының көзқарасы. – Алматы: «Әділ сөз», 2013. – 152-6.
6. Ұлсқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: «Ана тілі», 1981. – 384-6.
- 7 <https://kk.m.wikipedia.org>
- 8 [wikireality.ru](http://wikireality.ru)
- 9 Қалиев Ф., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: «Дәүір», 2003. – 242-6.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Негізгі түйіндер және ұсыныстар

- Біз зерттеу нысанына алған сегментте көпшілікке айтылған пікірлерде өшпенделік түрінің қатты түрі көп кездескен жоқ. Негізінен «жұмсақ» түрі кездесті. Дегенмен, комментарийлерде жағымсыз пікір көп екенін (қатая түсетінін, агрессия бар екенін) айтқан жөн. Тіпті, жазба авторы ирониямен жазса да, арандату мақсатын көздемесе де. Сондықтан экспертер танымал авторлар үшін арнайы тренинг үйымдастыруды ұсынады. Трендсеттерлер өз парашаларында ащи мысқыл, уытты талқыны реттеп, дұрыс арнаға салып отыrsa деген ұсыныс бар.
- Қазақ тіліндегі негізгі жағымсыз нарратив Қытай азаматтарына, шетелдік жұмысшыларға және дін ұстанушы мұсылмандарға бағытталған. Өшпенделік тілінің этнодіни аспектісін қарастырап болсақ, мониторинг жүргізілген кезеңде әлеуметтік желідегі өшпенделік тілі негізінен осы тақырыпта болғанын аңғарамыз.
- Қазақ тіліндегі жарияланымдарда діни мәселеге қарағанда этникалық мәселе көбірек көрініс тапқан. Қазақ тіліндегі жазбаларда орыс тіліндегіге қарағанда ксенофобия деңгейі жоғары екені аңғарылады. Келесіде талқыға түсер тақырыптардың ішінде жағымсыз автостереотиптер алға шығып тұр деуге болады.
- Мониторинг қазақтардың өз арасында негізгі пайдаланатын тіліне орай ішкі этникалық конфликт бар екенін көрсетті (қазақша және орысша сөйлейтін қазақтар). Бұл конфликтінің манипуляция құралына айналуы оп-оңай. Мұны қоғамдық деңгейде талқыға салу қажеттігі байқалады. Экспертер бұл мәселені заң шенберінде талқылаудың қажеті жоқ деп біледі, себебі ол шектеу шараларына алып келіп, соның салдарынан мәселе өршіген үстінен өрши түсіү мүмкін деп есептейді.
- Әлеуметтік желіде азаматтық қоғам мен үкіметтік емес үйымдардың өшпенделік тілін пайдалануының алдын алу және оған қарсы әрекет етуге күш салу ұсынылады.
- Өшпенделік тілін пайдалануға орай қарастырылған сот істеріндегі ең үлкен (бәлкім ең негізгі) мәселе сот сараптамасын жүргізу тәртібі деуге болады. Сараптама жасауға тартылатын мамандардың ондай тұжырым жасауға қажетті құзыреті жете бермейді. Ресми және тәуелсіз сараптаманың қорытындысы көп жағдайда екі түрлі болып шығатыны да осыдан. Бүгінгі таңда өшпенделікке

шақыратын сөздердің сараптамасын сот психологиялық-филологиялық (лингвистикалық) сараптама жасау әдістемесі нақты емес және тәжірибе жүзінде негізделмеген. Сарапшылардың пікірінше (соның ішінде қолданыстағы әдістемені жасауға қатысқандары да бар), әдістеме лингвистикалық эксперторология саласындағы соңғы ғылыми-тәжірибелік жетістіктерді есепке ала отырып түбекейлі қайта жазылуы тиіс деп есептейді. Әділет министрлігінің сот сараптама органдарының алдындағы ең негізгі міндет – жаңа әрі сапалы эксперttік әдістеме жасау.

- Өшпендерлік тіліне мониторинг жасауды жүйелі түрде жүргізіп отырған дұрыс, бұл ретте тек пікір көшбасшыларының материалдарын ғана емес, БАҚ материалдары мен оффлайндағы тұрмыстық тілді де қамтыған жөн. Өшпендерлік тілінің қатаңдық деңгейінің өзгеру қарқынын да мүқият қадағалаған жөн, сөзінен және мінез-құлқынан агрессияға бейімдігі байқалатын тұлғаларды бақылау конфликтіні азайтуға, журналистер мен ел алдында жүрген тұлғалардың өшпендерлік тілімен жұмыс істеуде біліктілігін көтеруге мүмкіндік береді.

## КІЛТ СӨЗДЕР ТІЗІМІ

Аққұлақ, орыс онбаған, қара қытай, маңқа қазақ, сарт, қаңғыған сарт, келімсектер, қара қытай қаптаса, жөйт, фашист, ұлтшыл, нацист, сәләфит, салафит, қысқа балақ, қаба сақал, сақалы беліне түсетін, сәләф, кәпір, тексіз қазақ, орыстар кетсін, қытайлар кетсін, оңбаған өзбек, сығыр қазақ, сығыр қытай, қысық көз, қара көт, бетпақ қазақ, бетпақ орыс, иттің етін жеген кәрістер, бақа-шаян жеген қытайлар, негр, не-гретоз, қара бет, біздің жерімізді иеленіп жатыр, пәренжі кигендер, қазақша білу керек, өзбек, қытай, қазақша білу міндетті, бәрі қазақша сөйлесін, қаңғыған өзбек, сатқын қырғыз, сасық кәріс, қаңғыған қырғыз, өлеммен, орлик, сатқын оралман, отанын сатқандар, қашқын оралман, жалқау қазақтар, пысықай оралман, монгол, қалпақ, оңбаған қалпақ, түк көрмеген қалпақ, жыланның аяғын көрген, жұмыртқадан жүн қырыққан, қалмақ, тілсіз, дінсіз, тексіз, орысбай, қазақбай, орысқұл, құлдық сана, құлдар, мамбет, итжегендер, үйғырстан, байқоңыр, қырым, серік қосу, ханъзу, ханзу, секс, джихад, джихад, жиһад, ишим, иғил, сыған, қайыршылар, тәжік.

## АВТОРЛАРДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

### БЕЙСЕМБАЕВ СЕРИК

---

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры жаңындағы Әлемдік экономика және саясат институты (ӘЭСИ) Ішкі саяси және әлеуметтік зерттеулер бағдарламасының жетекшісі (Астана, Қазақстан). Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетті әлеуметтану кафедрасының PhD кандидаты. PaperLab – әлеуметтік саясатты зерттеуге маманданған зерттеу тобын құрушылардың бірі. Қолданбалы әлеуметтану саласында тәжірибелесі мол. Зерттеу мақсатында қызығатын тақырыптары арасында мемлекеттілікті қалыптастыру, күш көрсету бағытындағы экстремизм, Қазақстандағы жастардың дамуы мәселесі бар.

| 71

#### **Негізгі жарияланымдарының тізімі:**

«Religious extremism in Kazakhstan: between crime and Jihad», Дж. Вашингтон университетіндегі ғылыми тағылымдама қорытындысы бойынша, 2016. Сілтемеси:<http://centralasiaprogram.org/wp-content/uploads/2016/02/CAF-Paper-15-Serik-Beissembayev.pdf>

«Феномен казахского национализма в контексте сегодняшней политики: от отрицания к пониманию», Сорос-Қазақстан қорының жалпы көпшілікке арналған саясат бойынша жастардың даму жобалары шенберіндегі жарияланым, 2015. Сілтемеси: [http://ru.soros.kz/press\\_center/publications/kazakh\\_nationalism](http://ru.soros.kz/press_center/publications/kazakh_nationalism)

«Общественно-политические сайты на казахском языке: текущее состояние и тенденции развития», Фридрих Эберт қорының қолдауымен жүзеге асқан жоба қорытындысы бойынша, 2013. Сілтемеси: <http://www.nomad.su/i2013/0710.pdf>

Тенденции социального и демографического развития казахстанского общества, «Центральная Азия и Кавказ» журналы, 2010. Сілтемеси: <https://cyberleninka.ru/article/n/tendentsii-sotsialno-demograficheskogo-razvitiya-kazahstanskogo-obschestva-na-baze-sotsiologicheskikh-issledovaniiy>

## ҚАРЫМСАҚОВА РАХИЛЯ

Филология ғылымдарының докторы. 1972 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті филология факультетінің күндізгі бөлімін бітірген. Мектеп мұғалімі, кейін жоғары оқу орнында оқытушы болып істеген. 1983 жылдан Автомобиль жолдары институтында, 1995 жылдан 2012 жылға дейін әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде сабак берген, 2012 жылдан күні бүгінге дейін «Тұран» университеті журналистика және аударма ісі кафедрасында қызмет етеді. Контрастив лингвистика, екінші/ұлттық тіл әдістемесі, когнитивті лингвистика, лингвистикалық экспертология, лингвоконфликтология мәселелері бойынша 100-ден астам мақаласы ғылыми-әдістемелік журналдар мен басқа да басылымдарда жарық көрген.

Оннан астам оқу құралының авторы және соавторы, олардың біразы мынадай:

- «Казахский язык: страноведение через фразеологизмы» (Сорос-Қазақстан қоры оқулықтар конкурсының жөнімпазы);
- «Қазақ тілі ресми қағаздар тілін оқыту» (оқу құралы);
- «Русский в учебно-профессиональной сфере: географический профиль»;
- «Русский язык для студентов-юристов»;
- «Сто ситуаций – сто консультаций. В помощь журналистам»;
- «Политкорректность в СМИ Казахстана: поиск гармонии»;
- «Лингвистическая экспертиза спорного текста»;
- «Освещай, но не разжигай»;
- «Оскорбление и клевета: взгляд эксперта».

72

73

## СМАҒҰЛОВА ЖҰЛДЫЗ

Смағұлова Ж.С., PhD (Лондон корольдік колледжі, Лондон университеті) – социолингвист. Ғылыми зерттеу саласына келесі тақырыптар кіреді: көптілді ортада балалардың тілдік бейімделуі (әлеуметтенуі), тілдік идеология және тілдік жоспарлау, сауаттылық пен білім, тілді сақтап қалу және ауыстыру, тіл үйретудің әдістемелері. «Language change in Central Asia» (Elise Ahn атты автормен бірге, Berlin, Germany: Mouton de Gruyter, 2016), «Қазақстандағы тілдің жағдайы және тілдік жоспарлау» (Э.Д.Сүлейменовамен бірге, 2005) монографияларының авторы, «Социолингвистикалық терминдер сөздігінің» (2008), «Лингвистикалық терминдер сөздігінің» (2015) және орыс тілінде білім беретін мектептерге арналған қазақ тілі оқулығының (5-сынып, «Атамұра», 2015, З.Ерназарова, Г. Досмамбетовамен бірге) соавторы. 20-дан астам ғылыми мақаланың авторы, соның ішінде Journal of Sociolinguistics, International Journal of Bilingualism, International Journal of Bilingual Education and Bilingualism, Journal of Multilingualism and Multicultural Development және Innovation: The European Journal of Social Science Research базылымдарындағы жарияланымдар бар.

25 жылдан астам педагогикалық тәжірибесі бар. Миннесота университетінде (АҚШ), Билкент университетінде (Түркія), әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде (Қазақстан) жұмыс істеген. 2002 жылдан бастап ҚМӘБИ сабак бере бастаған; Тілдер Орталығының деканы.

### ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ:

2016 E. Ahn, & J. Smagulova (Eds.). Language change in Central Asia. Berlin, Germany: Mouton de Gruyter. [In the Contributions to the Sociology of Language series edited by Joshua Fishman].

ISBN 978-1-61451-609-5

2015 (with Z. Yernazarova, D. Dosmambetova). Казахский язык для учащихся общеобразовательных школ с русским языком обучения, 5 класс [The Kazakh language for pupils of the Russian-medium schools, Grade 5]. Approved and recommended by the MOE RK. Almaty: Atamura. ISBN 978-601-306-141-2

2017 Ideologies of language revival: Kazakh as school talk. International Journal of Bilingualism. Special issue "Ideology, agency, and imagination in multilingual families" edited by K. King and E. Lanza. DOI: <https://doi.org/1>

2015 Negotiating linguistic, cultural and social identities in the post-Soviet world by Sarah Smyth and Conny Opitz (editors), Bern and New York. Journal of Multilingualism and Multicultural Development, 36(3), 330-331. DOI: 10.1080/01434632.2014.914338.

Impact Factor: 1.536, Ranking: Linguistics 52 out of 181, 2016 Journal Citation Reports.

2014 Early language socialization and language shift: Kazakh as Baby Talk. Journal of Sociolinguistics 18 (3), 370-387. doi: 10.1111/josl.12078. (Citations: 3).

Impact Factor: 0.917, ISI Journal Citation Reports Ranking: 2014: 53/172 (Linguistics)

2008 Language policies of Kazakhization and their influence on language attitudes and use. International Journal of Bilingual Education and Bilingualism 11 (3&4), 440 – 475.doi:10.2167/beb547.0 43 (citations: 43).

Impact Factor 1.027, Ranking: 43/171 (Linguistics), 70/224 (Education & Educational Research), 2015 Thomson Reuters, 2014 Journal Citation Reports.

2016 (with S. Bahry, S. Niyozev, D. Shamatov, E. Ahn) Bilingual education in Central Asia. In O. García et al. (eds.), Bilingual and Multilingual Education, Encyclopedia of Language and Education, Encyclopaedia of Language and Education, 3rd Ed. New York: Springer International Publishing. DOI 10.1007/978-3-319-02324-3\_20-1. (citations: 16)

2016 (with Z. Yernazarova). Teaching Kazakh Literature in Kazakh to Russian Speakers: Symbolic Value or Effective Pedagogy? In Natasha Bakić-Mirić & Davron Gaipov (eds.). Going Forward: Recent developments in higher education, pp. 127-136. Newcastle upon Tyne: Cambridge Scholars Publishing. ISBN (10): 1-4438-9483-4.

## ҚӨШЕРБАЕВА ДИНА

ҚМӘБИ Тіл орталығының оқытушысы, Алматы қаласы. 2015 жылы Ұлы-британияның Эдинбург университетінде «Қолданбалы лингвистика» мамандығы бойынша магистр дәрежесін иеленген; «Болашақ» бағдарламасының түлегі. Ғылыми тақырыптары: теориялық лингвистика, социолингвистика, тілдік қозғалыс. Теориялық лингвистика бойынша бірқатар ғылыми мақаланың авторы.

### ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ:

Фонологические особенности аллофонии звука /l/ в преподавании английского языка. Инновационные технологии в современном образовании. Работа была представлена на заседании Третьей Международной Научной Интернет-Конференции, Технологический университет, Московская область, Россия и Колледжа Регионального развития, Чешская Республика 406-409. Москва: Научный Консультант.

Особенности восприятия языка двуязычными детьми с типичным развитием и одноязычными/двуязычными детьми с лингвистическим нарушением. Инновационные и приоритетные направления обучения гуманитарных дисциплин в технических университетах. Работа представлена на заседании Третьей Международной Научной Конференции, Университет Технологий, 237-245. Издательские Решения.

Фонологические ограничения в возникновении аллофонов /l/ в английском языке. Инновационные технологии в современном образовании. Доклад, представлен на заседании Четвертой Международной Научной Интернет-Конференции, Технологического университета, Московская область, Россия и Колледжа Регионального развития, Чешская Республика, 19-22. Москва: Научный Консультант.

## ЖҰМЫРОВА АИДА

Филолог, социолингвист, аудармашы. Қазақ мемлекеттік шет тілдері және халықаралық қатынастар университетін ағылшын және француз тілінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Көп жыл заң-консалтинг саласында жұмыс істеген, келісімшарттар мен басқа да құжаттарды редакциялаумен, түзетумен және аударумен айналысқан.

Кейіннен оқуын ҚМӘБИ университетінде жалғастырып, «Басқа тілділерге ағылшын тілін үйрету» мамандығы бойынша магистр дәрежесін иеленген. «Ұлты қазақ қалалық жасөспірімдердің қазақ тіліне көзқарасы» деген тақырыпта диссертация қорғаған. Қазіргі кезде синхронды аудармашы әрі Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарында штаттан тыс оқытушы болып қызмет атқарады.

76 |

## АЛТАЕВА АЛМАГУЛ

Филолог, қазақ тілін маманы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті филология факультетінің түлегі.

1998 жылы әл-Фараби атындағы ҚазМУ филология кафедрасының аспирантурасына түсіп, 2002 жылы кандидаттық диссертациясын қорғаған. Ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, профессор Р.С.Әмір.

2001-2002 жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы қазақ тілі және шет тілдері кафедрасының оқытушысы болған. 2002-2009 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде аға оқытушы болып істеп, доцент міндетін атқарған. 2006 жылы докторантурасына қабылданған. 2010 жылы докторлық диссертациясын қорғаған.

2010 жылдан «Тұран» университеті журналистика және аударма ісі кафедрасының доценті.

«Қазіргі қазақ тілі» (2013) оқу құралының, «Шарт мәнді сөйлемнің таңымдық және коммуникативтік әлеуеті» (2014) монографиясының авторы. Италияда, Ресейде, Өзбекстан мен Қырғызстанда 70-тен аса ғылыми мақаласы жарық көрген.

77 |